



ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АШЫҚТЫҚ ИНДЕКСІ

2019

АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Бұл жарияланым Сорос-Қазақстан Қорының қаржылай қолдауымен
Қазақстанның Ұлттық бюджет желісі іске асырған
«Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі» жобасы шеңберінде шығарылып отыр.
Жарияланым мазмұнында автордың көзқарасы көрініс тапқан, сәйкесінше
Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін.*

МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ	4
2. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АШЫҚТЫҒЫ ИНДЕКСІНІҢ ӘДІСНАМАСЫ	6
3. РЕЙТИНГ	8
4. БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫ МЕН АШЫҚТЫҒЫ	14
5. ЗЕРТТЕУ БӨЛІМДЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР	19
5.1. Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы (зерттеудің 1-бөлімі)	19
5.2. Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы (зерттеудің 2-бөлімі)	20
5.3. Бюджеттің атқарылуы процесінің ашықтығы (зерттеудің 3-бөлімі)	21
5.4. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп (4-бөлім зерттеулер)	22
6. ӨҢІРЛЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ	24
Ақмола облысы	24
Ақтөбе облысы	27
Алматы облысы	30
Атырау облысы	33
Шығыс Қазақстан облысы	36
Жамбыл облысы	39
Батыс Қазақстан облысы	42
Қарағанды облысы	45
Қостанай облысы	48
Қызылорда облысы	51
Маңғыстау облысы	54
Павлодар облысы	57
Солтүстік Қазақстан облысы	60
Түркістан облысы	63
Нұр-Сұлтан қаласы	65
Алматы қаласы	68
Шымкент қаласы	71
7. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АШЫҚТЫҚ ИНДЕКСІН АРТТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР	73
ҚОСЫМША: БАРЛЫҚ СҰРАҚТАР МЕН АЙМАҚТАР БОЙЫНША БАҒАЛАР	75

1. КІРІСПЕ

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі – облыстар, астана және республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде бюджет жүйесінің ашықтығы, айқындығы мен есеп беру деңгейін өлшейтін құрал. Бұл құралды Қазақстанның Ұлттық бюджет желісі – республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджеттік шығыстарды мониторингілеу және бағалау мәселелерімен кәсіби айналысатын үкіметтік емес ұйымдар тобы әзірледі.

Зерттеудің мақсаты – жергілікті деңгейде бюджет процесінің ашықтығы деңгейін анықтау, сондай-ақ жұртшылықтың бюджет туралы ақпаратқа қол жеткізуін арттыру. Зерттеудің ұзақ мерзімді мақсаты – мемлекеттік органдар үшін азаматтарға бюджет туралы ақпаратты анық, уақтылы, толық, түсінікті және қолжетімді етіп таратуға, сондай-ақ жергілікті деңгейде бюджет процесіне қатысуға мүдделі жұртшылықты тартуға ықпал ететін іс-шараларды жүргізуіне жағдай жасау.

2019 жылғы жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі Қазақстанның Ұлттық бюджет желісі Қазақстанның барлық аймағында әріптестерімен жұмыс істейтін бірлескен зерттеу жобасы саналады. Бұл екі жыл сайын өткізілетін зерттеудің бесіншісі, алдыңғы зерттеулер 2011, 2013, 2015 және 2017 жылдары жүргізілді. Ашықтық деңгейі арнайы әзірленген әдіснаманы пайдалану арқылы анықталады.

Зерттеу қорытындысы бойынша берілген параметрлерге сәйкес мінсіз картинаға қатысты арнайы рейтинг шкаласы бойынша қандай да бір өңірдің орналасқан жерін көрсете отырып, жергілікті бюджеттердің ашықтығы рейтингі жасалады. Қазақстан өңірлерінің индекстері бүкіл республика бойынша бюджет процесіндегі айырмашылықтарды анықтауға ғана емес, сондай-ақ жергілікті басқару органдарын ақпараттың ашықтығын арттыруға да, бюджетті жұмсаудың тиімділігін арттыруға ынталандыруға да мүмкіндік береді. Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі Жергілікті деңгейде қоғамдық қатысу, мүдделі тараптардың шешімдер қабылдау процестеріне қосылуы және бюджет туралы ақпарат пен құжаттардың қолжетімділігі тұрғысынан бюджеттік қатынастарға сипаттама беруге елеулі әрекет. Бұдан басқа, бұл индекс бюджет процесіне қатысу үшін өз азаматтарына қандай өңірлер көбірек мүмкіндік беретіні туралы қорытынды жасауға жол ашады. Әдетте, мемлекеттік органдар бюджет туралы ақпаратты жүргізеді, бірақ оны толық көлемде таратпайды. Қаласаңыз, қолда бар ақпаратқа қол жеткізу арқылы ашықтықты тез және аз шығынмен арттыруға болады. Ақпараттандыру азаматтардың бюджет процесіне қатысуына ықпал етеді, қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді және нәтижесінде бюджет саясатының азаматтардың мұқтаждығына барынша сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Жергілікті бюджеттер ашықтығын зерттеу нәтижелері даму институттарын, мемлекеттік басқару органдарын, мемлекеттік қаржыны басқару саласындағы мамандарды, журналистер мен үкіметтік емес ұйымдарды қоса алғанда, кең аудиторияға арналған.

2019 жылғы зерттеудің негізгі нәтижесі Қазақстан Республикасының 17 әкімшілік-аумақтық индексін анықтаудан тұрады, оған 14 облыс, ел астанасы Нұр-Сұлтан және республикалық маңызы бар Алматы және Шымкент қалалары кіреді. 2019 жылы бюджеттің ашықтығы жалпы соңғы екі жылда айтарлықтай төмендегені және алдыңғы зерттеу кезеңдерімен салыстырғанда, айтарлықтай аз нәтиже көрсетіп, мүмкін болатын 100-ден 33 балды көрсетті, ал жергілікті бюджеттердің ашықтығын бағалау жұртшылықтың бюджет процесіне қатысуы мен хабардар болуы «ең төменгі» деңгейде екенін көрсетті.

Бірде-бір өңір Индекс шкаласы бойынша ашықтықтың «кең» немесе «елеулі» деңгейіне жетпеді. 2019 жылы Шығыс Қазақстан облысы бұрынғысынша 63 балмен көшбасшы және Индекс шкаласы бойынша ашықтық деңгейі «орташа» деп бағаланды. Алты өңір «орташадан төмен» деңгейінде тұр, оның ішінде Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары бар.

Жеті аймақ «ең төменгі» ашықтықты көрсетеді: Қарағанды, Ақмола, Атырау, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары. Ең төменгі «жеткіліксіз немесе жоқ» өлшеміне үш өңір сәйкес келеді: Жамбыл және Түркістан

облыстары, сондай-ақ 2018 жылы Республикалық маңызы бар қала мәртебесін алған Шымкент қаласы. Тиісінше осы өңірлердің тұрғындары үшін жергілікті билік органдарының есеп беруі және олардың ақша қаражатын қалай басқаратынын бақылау өте қиын.

Жергілікті деңгейде бюджет процесі кезеңінің ашықтығын бағалау 2019 жылғы бюджет процесінің ең ашық сатысы зерттеу қорытындысы бойынша бюджеттің орындалу процесі екенін көрсетті, оның нәтижесі көп жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептерді жариялаумен қамтамасыз етілді. Ең жабық кезең – бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп, ол ашықтықтың «ең төменгі» деңгейінде болады, бұл жұртшылықтың бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау, қарау және бекіту процесіне де, сондай-ақ бюджет процесінде жергілікті атқарушы органдар қызметінің нәтижесін көрсететін бюджет құжатының өзіне де қол жеткізу қамтамасыз етілмегенін көрсетеді.

Электронды сұрау салу арқылы бюджет туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуді талдау әкімдіктердің мәслихаттармен салыстырғанда ашық екенін көрсетті. Сегіз өңірдегі әкімдік – Ақмола, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстарының, сондай-ақ Шымкент қаласының әкімдіктері барлық 4 сұраққа жауап берді. Екі өңірде – Шығыс Қазақстан облысы мен Нұр-Сұлтан қаласында 4 әкімдіктен 3 сұраққа жауап берілді. Маңғыстау облысының әкімдігі 4 сұрақтың 2-іне ғана жауап берді. Ақтөбе және Қызылорда облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында әкімдік 4 сұрақтың 1-іне ғана жауап берді. Үш өңірде – Жамбыл, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарында әкімдіктер жауап берген жоқ.

Жеті аймақтың – Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Павлодар, Қарағанды және Түркістан облыстарының, сондай-ақ Шымкент қаласының мәслихаттары зерттеушілердің электрондық хаттарына жауап бермеді. Барлық сұрақ бойынша толық жауапты екі өңір – Ақмола және Қостанай облыстарының мәслихаттары ғана берді. Сегіз өңірде – Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары ішінара жауап берген.

2019 жылғы негізгі сегіз бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығының нәтижелері аудиторлық есеп – есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы Тексеру комиссиясының есебі ең қолжетімді екенін көрсетті. Ең жабық бюджет құжаттары атқарушы билік бюджетінің жобасы және Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп екені анықталды.

2. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ АШЫҚТЫҒЫ ИНДЕКСІНІҢ ӘДІСНАМАСЫ

«Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі» зерттеуі жүргізілетін зерттеулер негізінде екі жылда бір рет жасалатын елдің «Бюджет ашықтығы индексі» (Open Budget Index, OBI) анықтауға бағытталған «Халықаралық бюджеттік әріптестік» (International Budget Partnership, IBP) халықаралық үкіметтік емес ұйымның әдіснамасына негізделген. 2010 жылы Қазақстанның ұлттық бюджет желісі (ҚҰБЖ) Қазақстанда жергілікті деңгейде бюджеттік үдерістердің ашықтық деңгейін өлшеу үшін «Халықаралық бюджеттік әріптестік» әдіснамасын бейімдеді: өз бюджеті бар облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана. 2011 жылы ҚҰБЖ Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен Қазақстанның барлық әкімшілік-аумақтық бірліктері үшін жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі әдіснамасын алғаш рет пайдаланды.

2013 жылы әдістемеге біршама өзгерістер енгізілді, енді бюджет туралы маңызды ақпараттың бар не жоқ екенін анықтауға ашық көздерде – баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында және жергілікті уәкілетті органдардың интернет-беттерінде ғана баса назар аударылады, өйткені бұрынғы жүйе нақты ашықтықты көрсетпеді және балдар табандылық дәрежесіне, өңірлік сарапшының ықпалына немесе мемлекеттік билік өкілдерімен жеке танысуларға байланысты еді. Осыған байланысты, осы есепте салыстырмалы динамиканы талдау кезінде біз 2011 жылғы деректерді есепке алмадық.

2019 жылы бюджеттік ақпараттың «жалпыға қолжетімділік» анықтамасы өзгертілді және қазіргі уақытта тиісті сайттарда Интернет желісінде уақтылы орналастырылатын бюджеттік құжаттар ғана жалпыға қолжетімді, осыған байланысты ақпараттың баспа көздері алынып тасталды. Бұдан басқа, жергілікті деңгейде бюджет туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы толық ұсыну үшін сауалнаманың екі мәселесі бойынша дереккөзі ретінде әкімдіктер мен мәслихаттарға электрондық сауалдар айқындалды. Зерттеу барысында әрбір өңірге 2 сауалдан, біріншісі әкімдікке 4 сұрақтан тұратын сауал, екіншісі мәслихатқа 3 сұрағы бар 1 сауал, ол сауалдар ЭЦҚ көмегімен E-gov порталы арқылы жіберілген.

2019 жылғы жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің нәтижесі әр өңір бойынша 58 сұрақтан тұратын сауалнамаға негізделген, оған сәйкес белгілі бір балл берілген. Жауап – А-100 балл – толық жауап, алдыңғы қатарлы тәжірибені сипаттайды және стандартқа толық сәйкестікке қол жеткізілгенін көрсетеді; жауап – Б-67 балл – толық емес, толық нақтыланбаған, бірақ стандарттың негізгі ережелерінің орындалуын көрсетеді. Жауап – В-33 балл – тиісті стандарттың талаптарына қол жеткізу үшін ең аз күш-жігерге ғана сәйкес келетін қанағаттанарлықсыз жауап; жауап – Г-0 балл – жауап жоқ немесе жауап қанағаттандырушы ретінде есептелмейді.

Сауалнаманы тәуелсіз сарапшылар, қоғамдық ұйымдардың немесе академиялық мекемелердің өкілдері – сарапшы-зерттеушілер толтырады. Сауалнама сұрақтарына барлық жауап дәлелмен бекітіледі. Сауалнама сұрақтарына жауап бере отырып, зерттеушілер өздері таңдаған жауаптың дұрыстығын растайтын ақпарат көзін көрсетуі тиіс. Бұл жергілікті атқарушы және өкілетті органдар сайттарының, бюджет туралы ақпаратты орналастыратын БАҚ, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі тиісті парақшалардағы қолданыстағы сілтемелерді қамтиды, қажет болған жағдайда скриншот жасалады, «сарапшының түсініктемесі» бағанында неге дәл осындай баға берілгені туралы түсініктеме беріледі.

Сауалнаманы толтырғаннан кейін бюджет туралы ақпараттың жалпыға қолжетімділігін бағалайтын сауалнаманың 58 сұрағына әрбір жауаптың Қарапайым орташа сандық мәніне негізделген сандық есеп жүргізіледі. Кейін сауалнамаларды бюджет саласын талдауда практикалық білімі бар, деректерді, ұсынылған дәлелдерді айқас тексеруді жүргізетін және сарапшылар түсініктемелерін қарайтын тексеруші-рецензент қарайды.

Сауалнамаға енгізілген мәселелер мемлекеттік қаржыны басқарудың жалпы қабылданған озық тәжірибесіне негізделген. Сұрақтарға жауаптар нақты жағдайдың қандай екендігі туралы, яғни заң бойынша не ұйғарылғаны ғана емес, шын мәнінде не болып жатқаны туралы түсінік беруі тиіс. Сауалнама сұрақтары мен жауаптары азаматтардың бюджет туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін және бюджеттік процестің барлық сатысында жұртшылықтың

қатысу мүмкіндігін сипаттайды. Сауалнама Жергілікті деңгейде бюджет процесі сатысының ашықтығын, атап айтқанда, процестің ашықтығын қисынды айқындайтын төрт бөлімге бөлінді: бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу; бюджетті қарау және бекіту; бюджеттің атқарылуы және Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп.

Сонымен қатар, сұрақтар оңай көрінетін фактілер мен оқиғаларға және сегіз негізгі бюджеттік құжаттардың уақтылығына, толықтығына және қолжетімділігіне қатысты, мемлекеттік секторды қаржылық басқарудың пайдалы тәжірибесінің жалпы қабылданған өлшемдеріне сәйкес барлық жергілікті атқарушы органдар шығаруға тиіс. Сегіз негізгі бюджеттік құжат және осы құжаттардың бар болуын, толықтығын және уақтылы жариялануын көрсететін сауалнама мәселелері туралы толығырақ осы есептің 4-тарауын қараңыз.


Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі анықтау бойынша зерттеу – 2019 және кейінгі верификация 2019 жылдың қыркүйек айынан желтоқсан айына дейін жүргізілді. Жобалық құжаттарға қатысты 2018 жылдың жарияланымдары зерделенді, 2019 жылға арналған бюджетті қарау және бекіту бойынша 2018 жылдың күзінің жарияланымдары есептелді, бюджетті орындау бойынша – 2018 жыл бойы жарияланымдар есептелді. 2018 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке және тексеру комиссиясының жылдық есебіне қорытындыға қатысты – 2019 жылғы көктем мен жаздағы жарияланымдар есептелді.

3. РЕЙТИНГ

2019 жылы жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі Қазақстан Республикасының 17 әкімшілік-аумақтық бірлігі үшін анықталды, оған 14 облыс, астана Нұр-Сұлтан және республикалық маңызы бар Алматы мен Шымкент қалалары кіреді. Біздің алдыңғы барлық зерттеулеріміз жергілікті бюджеттердің ашықтық индексінің жалпы көрсеткіші жылдан жылға артып, тұрақты және елеулі прогресті көрсетіп отырғанын көрсетті. 2019 жылы бюджеттің ашықтығы жалпы соңғы екі жылда және алдыңғы зерттеу кезеңдерімен салыстырғанда айтарлықтай төмендегені анықталды, ең төмен нәтиже – мүмкін 100 балдан 33 балл, ал жергілікті бюджеттердің ашықтығын бағалау жұртшылықтың бюджет процесіне қатысуы мен ақпараттануы **«ең төмен»** деңгейде екенін көрсетті.

1-диаграмма.

2013-2019 жылдарға арналған жергілікті бюджеттердің ашықтық индексінің өзгеру серпіні



2017 жылмен салыстырғанда 7 өңір өз көрсеткіштерін жақсартты және ең көп ілгерілеуге Астана – Нұр-Сұлтан қаласы (19 балға) жетті. Егер өңірлердің көпшілігі бұрынғысынша бюджет туралы ақпарат ұсынбайтынын және 9 өңірдің көрсеткішінің төмендегенін, Ақмола және Түркістан облыстарында ең теріс нәтиже (28 балға) көрсеткенін ескерсек, бұл ілгерілеу тек болмашы қанағаттанушылық береді.

2-диаграмма.

«2017 жылмен салыстырғанда өңірлер бойынша 2019 жыл индексінің өзгеру динамикасы»



Ақпараттың ашықтық деңгейі зерттелетін әр аймақ бойынша 1-кестеде көрсетілген түс индикациясымен «кеңнен» «жеткіліксіз немесе жоқ» индекс шкаласы бойынша анықталған

1-кесте.

Жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексі – 2019

БЮДЖЕТТІҢ АШЫҚТЫҚ ДЕҢГЕЙІ	АЙМАҚ	ОРТАША БАЛЛ
Кең (90-100 балл)	-	-
Маңызды (73-89 балл)	-	-
Орташа (56-72 балл)	Шығыс Қазақстан облысы	63
Ортадан төмен (38-55 балл)	Нұр-Сұлтан қ.	51
	Қостанай облысы	49
	Солтүстік Қазақстан облысы	49
	Алматы қ.	45
	Павлодар облысы	42
	Батыс Қазақстан облысы	38
Ең төменгі (21-37 балл)	Қарағанды облысы	36
	Ақмола облысы	30
	Атырау облысы	28
	Алматы облысы	27
	Қызылорда облысы	26
	Маңғыстау облысы	23
	Ақтөбе облысы	22
Жеткіліксіз немесе жоқ (0-20 балл)	Шымкент қ.	14
	Жамбыл облысы	14
	Түркістан облысы	6

Бірде-бір аймақ ашықтықтың «кең» немесе «елеулі» деңгейіне жетпеген. 2019 жылы Шығыс Қазақстан облысында бұрынғысынша 63 балмен көшбасшылық және индекс шкаласы бойынша «орташа» ашықтық деңгейі бар.


Алты аймақ «орташадан төмен» деңгейінде, олардың ішінде Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары бар.

«Ең төменгі» ашықтықты жеті өңір көрсетеді: Қарағанды, Ақмола, Атырау, Алматы, Қызылорда, Маңғыстау және Ақтөбе облыстары.

«Жеткіліксіз немесе жоқ» критерііне үш өңір сәйкес келеді: Жамбыл және Түркістан облыстары, сондай-ақ Шымкент қаласы.

3-диаграмма.

Жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексі бойынша өңірлер рейтингі–2019



Жергілікті бюджеттің ашықтық индексі бюджет процесінің барлық кезеңінің және сауалнаманың төрт бөлімінің ашықтығын бағалаудан құрылады:

1-бөлім – бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы

2-бөлім – бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы

3-бөлім – бюджетті атқару процесінің ашықтығы

4-бөлім – бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп

4-диаграмма.

Бөлімдер бойынша жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексі



Зерттеу нәтижесі бойынша бюджет процесінің неғұрлым ашық кезеңі бюджетті атқару процесі (47 балл) – Жалпы «орташадан төмен» деңгейде тұрған үшінші бөлім. 2-кестеден көрініп тұрғандай, тек бір өңір «елеулі» ашықтықты көрсетеді – Шығыс Қазақстан облысы, алты өңір Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары. Осы кезеңде ашықтығы ең азы – Шымкент қаласы.

Бюджет процесінің ең жабық кезеңі – бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп (25 балл) – зерттеудің төртінші бөлімі, бұл үш өңірдің – Шығыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының «орташа» нәтижелеріне қарамастан, тоғыз өңірдің «жеткіліксіз» ашықтығын көрсетеді, ал Түркістан облысында бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп бойынша зерттеушілер ешқандай ашық қолжетімді ақпаратты анықтай алмады.

2-кесте.

Бөлімдер мен өңірлер бойынша жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі

АЙМАҚ	1-БӨЛІМ	2-БӨЛІМ	3-БӨЛІМ	4-БӨЛІМ
Ақмола	35	31	44	10
Ақтөбе	17	41	21	10
Алматы	31	26	42	10
Атырау	29	36	38	10
ШҚО	46	59	81	67
Жамбыл	19	0	33	5
БҚО	29	49	52	21
Қарағанды	31	39	67	8
Қостанай	21	46	67	62
Қызылорда	25	33	29	18
Маңғыстау	23	20	42	5
Павлодар	19	31	71	46
СҚО	23	54	56	62
Түркістан	0	0	23	0
Нұр-Сұлтан қ	42	49	63	51
Алматы қаласы	25	67	56	31
Шымкент қ	25	13	15	5
ОРТАША БАЛЛ	26	35	47	25

Ашықтықтың ең төменгі көрсеткіштері бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу (26 балл), сондай-ақ бюджетті қарау және бекіту (35 балл) процесін көрсетеді. Зерттеудің әрбір бөлімі бойынша 6-тарауда өңірлер бөлінісінде осы есептің 5-тарауын, ал қосымшадағы сауалнамалардың әрбір мәселесі бойынша баллдарды толығырақ қараңыз.

Жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексін бағалау үш негізгі өлшемге негізделген:

- Бюджет құжаттамасының толықтығы мен ашықтығы


- Өкілді органдардың ұсыныстарын есепке алу
- Мемлекеттік органдардың қоғамды тарту жөніндегі іс-қимылы

Жергілікті бюджеттердің ашықтығын зерттеудің алдыңғы кезеңіне қарағанда, 2019 жылы бағалау критерилері бюджет процесінің кезеңдеріне байланыстырылмай анықталды және қандай да бір өлшемге жататын әрбір жауаптың қарапайым орташа сандық мәніне негізделді.

Жалпы алғанда, индекс көрсеткіші өз нәтижелерін төмендетті және зерттеудің алдыңғы кезеңдеріндегі прогресті төмендетті, бұл динамика 5-диаграммадан көрініп тұрғандай, бағалау өлшемдеріне де әсер етті.

5-диаграмма.

2013-2019 жылдардағы индексті бағалаудың негізгі өлшемдерінің өзгеру динамикасы



«Бюджеттік құжаттаманың толықтығы мен ашықтығы» бірінші критерийі – бюджеттік құжаттаманың ашықтығы, қолжетімділігі, толықтығы мен уақтылығы параметрлері бойынша балдарды анықтайды. Барлық өңір бойынша орташа балл 41 құрады, ал 2017 жылмен (51) және басқа да бағалау критерийлермен салыстырғанда, көрсеткіштің барынша төмендеуі байқалады. Алайда, басқа критерийлерге қатысты бұл көрсеткіш ең жоғары балға ие, бірақ ол негізінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес БАҚ-та және жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың ресми сайттарында бюджеттік құжаттарды міндетті түрде жариялаудың есебінен қамтамасыз етілген.

Келесі критерий – «Өкілетті органдардың ұсыныстарын есепке алу» жергілікті өкілетті органдар – мәслихат депутаттарының бюджет процесінің барлық кезеңіне қатысу деңгейін өлшеуге бағытталған, бұл сондай-ақ олардың белсенділігі мен өңірдегі қаржылық және экономикалық ахуалға әсерін жанама түрде айқындайды. Осы критерий бойынша барлық өңір бойынша орташа балл – **16 балғы** құрады, бұл «жеткіліксіз» ашықтықты көрсетеді және бұдан басқа, «өңір халқының таңдалған өкілдері» – мәслихат депутаттарының ашықтығы тұрақты түрде төмендегені байқалады. Мұндай көрсеткіш депутаттардың бюджетті қарау жөніндегі тікелей қызметін көрсетпейтіндіктен, алаңдаушылық тудырады, сондай-ақ өкілетті орган әкімдік ұсынған бюджеттік құжаттарға дауыс беріп қоймай, нақты билікке ие емес екендігін растайды. Сондай-ақ, мәслихат депутаттары тарапынан тиісті белсенділіктің байқалмауының және олардың өңір үшін маңызды құжатты қалыптастыру кезінде ықпал ету деңгейінің төмендеуінің қаупі бар.

«Жұртшылықты тарту бойынша мемлекеттік органдардың іс-әрекеті» бағалаудың үшінші критерийі – жұртшылықтың бюджет процесіне қатысу практикасын айқындауға, сондай-ақ бюджет пен бюджет процесін танымал ету мақсатында осы аумақта мемлекеттік органдар жүзеге асыратын қызметке бағытталған. Барлық өңір бойынша орташа балл **24 балғы** құрады, ал алдыңғы зерттеу кезеңдерімен салыстырғанда үлкен ашықтықты қамтамасыз ету бойынша оң өзгеріс байқалмайды.

Индекс шкаласы бойынша ақпараттың ашықтық деңгейі «ең төменгі» ретінде анықталады, бұл көптеген өңірде жұртшылықты бюджет процесіне тарту жөніндегі нақты қолданыстағы тетіктердің жоқтығына байланысты, көптеген өңірде халықтың пікірі мен қажетіне сәйкес бюджет шығыстарын қалыптастыру үшін қоғамдық пікірді есепке алу үрдістері жұмыс істемейді, бюджетті әзірлеу кезінде жұртшылық енгізген және есепке алынған ұсыныстары туралы ақпарат қолжетімсіз.

Жергілікті мемлекеттік органдар жанынан Қоғамдық кеңестер құру және олармен бюджеттік құжаттарды келісу туралы заңнама талаптары жергілікті мемлекеттік органдардың ашықтығын арттырады, алайда мұндай өзара іс-қимыл туралы ақпарат қолжетімді емес, қоғамдық кеңестер бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты тіпті жарияламайды және тек бір өңірде – Шығыс Қазақстан облысында мұндай ақпарат халық үшін қолжетімді.

4. БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫ МЕН АШЫҚТЫҒЫ

Жергілікті бюджеттердің ашықтығын зерттеу, сондай-ақ бюджет процесінің төрт кезеңінің әрқайсында ақпараттандыру үшін қажетті ретінде халықаралық деңгейде кеңінен танылған сегіз негізгі бюджеттік құжатқа негізделеді. Бюджеттің ашықтық индексі осы құжаттардың әрқайсының жалпы қолжетімділігі мен толықтығын бағалайды. Сегіз негізгі бюджеттік құжаттың тізбесі және осы құжаттардың бар болуын, толықтығын және уақтылы жариялануын көрсететін сауалнама мәліметтері 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте.

Негізгі Бюджеттік құжаттардың тізбесі

АТАУЫ	2019 ЖЫЛҒЫ САУАЛНАМА СҰРАҚТАРЫ
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	3-4
Азаматтық бюджет	10-11
Бюджеттік мәлімдемеге дейін (әлеуметтік-экономикалық даму болжамы)	1-2
Бекітілген бюджет	18, 19, 21, 22, 29
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	30-34
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	35
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	46-52
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	40

Жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші тиісті ресми веб-сайтта орналастырылған сегіз негізгі бюджеттік құжаттың жалпыға қолжетімді, бюджеттік ақпараттың уақтылығы мен толықтығы өлшемдеріне қаншалықты жауап беретінін бағалайды. Айта кету керек, негізгі бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы тек 2015 жылдан бастап бағаланады, осы кезеңге дейін зерттеуде оларға жеке назар аударылмаған.

Әрбір құжат пен өңір үшін бағалау әр құжатқа байланысты «жергілікті бюджеттің ашықтық индексі» зерттеуінен сұрақтардың кіші тобы бойынша алынған бірқатар параметрлерден есептеледі. Бағаланатын сегіз негізгі бюджеттік құжаттың әрқайсының онымен байланысты сұрақтардың әртүрлі саны болуы мүмкін болса да, индекс көрсеткіші сауалнаманың тиісті сұрақтарының қарапайым орташа арифметикалық мәні болып табылады және А-дан Е-ге дейін әріптік түрде жіктеледі.

E	– ақпарат жеткіліксіз (0-20 балл)
D	– ең төменгі көлемі (21-40 балл)
C	– орташа көлемі (41-60 балл)
B	– айтарлықтай көлемі (61-80 балл)
A	– кең көлемді (81-100 балл)

Зерттелетін Қазақстанның 14 облысы, сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша негізгі сегіз бюджеттік құжаттың ашықтық (жалпы қолжетімділік және толықтылық) нәтижелері 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте.

Негізгі бюджеттік құжаттар ашықтығының нәтижелер

	Атқарушы билік бюджетінің жобасы	Азаматтық бюджет Азаматтық бюджет	Бюджетке дейінгі өтініш	Бекітілген бюджет	Жыл бойы есептер	Жарты жылдық есеп	Жыл соңындағы есеп	Аудиторлық есеп
Ақмола	E	A	A	E	B	E	E	E
Ақтөбе	E	D	C	C	E	D	E	E
Алматы	C	E	D	C	D	E	E	A
Атырау	E	A	B	B	C	E	E	A
ШҚО	D	C	C	B	A	A	B	A
Жамбыл	E	C	D	B	D	D	E	B
БҚО	D	A	C	B	C	D	E	A
Қарағанды	D	A	C	B	B	A	E	A
Қостанай	E	C	C	B	A	D	A	A
Қызылорда	E	A	C	C	D	E	E	E
Маңғыстау	E	D	E	E	C	E	E	A
Павлодар	E	C	C	C	A	A	B	A
СҚО	E	A	C	B	C	B	B	A
Түркістан	E	E	E	E	C	D	E	B
Нұр-Сұлтан	C	D	C	D	B	A	C	A
Алматы қ.	E	C	D	A	B	A	D	E
Шымкент қ.	E	C	E	E	E	E	E	D

Атқарушы биліктің **бюджет жобасы** алдағы бюджет жылына салық-бюджет мәселелері бойынша жергілікті мемлекеттік органдардың басты өтініші саналады. Азаматтық қоғам тұрғысынан атқарушы билік бюджетінің жобасы және оған түсіндірме жазба ең маңызды бюджеттік құжат, өйткені онда жергілікті мемлекеттік органдардың бюджет саясатының мақсаттары мен жоспары баяндалады. Түсіндірме жазбада, әдетте, басқа бірде-бір құжатта жоқ қаржы саясаты туралы толық ақпарат бар. Бұл ақпаратқа қол жеткізу азаматтық қоғам үшін бюджетті және оны бекіткенге дейін әсер ету мүмкіндігін түсінуде шешуші мәнге ие.

Зерттелетін 17 өңірдің 11-інде бюджет жобасы және оған түсіндірме жазба жарияланбайды: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан облыстарында, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларында бюджет жобасы және оған түсіндірме жазба жарияланбайды. Солтүстік Қазақстан облысында түсіндірме жазба жарияланады, бірақ жеткіліксіз көлемде. Осы зерттеуде ұсынылған ашықтық стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгеннен біршама жоғары екенін атап өту қажет, сондықтан өңірлердің көпшілігі нормаларды қатаң ұстанады және ашықтық стандарттарын жалпы әлемдік стандарттарға дейін кеңейтпейді.

Зерттеушілердің мәліметіне қарағанда, екі аймақта: Алматы облысы мен Нұр-Сұлтан қаласында бюджет жобасы «орташа көлемде» жарияланады. «Ең аз көлемде» бюджет жобасы үш өңірде – Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында жарияланады, бұл құжаттың барлық стандартқа сәйкес келмеуіне, яғни толық көлемде жарияланбауына немесе ол мәслихат сессиясында қаралғанға дейін жарияланбауына байланысты, өйткені

заң шығарушы билік мақұлдағаннан кейін шығарылған бюджет жобасы жалпыға қолжетімді болып саналмайды.

Азаматтық бюджет – қолжетімді тілде жазылған бюджеттің техникалық емес нұсқасы және маман емес адамдарға ақпаратты түсінуді жеңілдететін көрнекі элементтерді қамтиды. Азаматтық бюджет бейімделген форматтар мен қолжетімді тілді пайдалана отырып, азаматтардың бюджеттің негізгі бағыттарымен танысуға арналған, бұл кез келген пайдаланушыға үкімет қоғамдық ресурстарды шоғырландыруды, бөлуді және пайдалануды қалай жүзеге асыратыны түсінікті болған кезде негізгі Бюджеттік ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

«Кең көлемде» зерттелетін 17 өңірдің 6-ында: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында азаматтық бюджет жарияланады. Нәтиже осы өңірлердің тұрғындары бюджет параметрлерін түсінуге және шешім қабылдау процесіне тартуға көбірек мүмкіндіктер бар екенін дәлелдейді.

Азаматтық бюджеттің қолжетімділігі бойынша «орташа көлем» көрсеткішіне 6 өңір: Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Павлодар облыстары, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалалары сәйкес келеді, өйткені құжат бекітілген бюджет негізінде жасалған және бөлімдер бойынша барлық қажетті ақпаратты қамтиды, оны бекіткенге дейін бюджет жобасы негізінде жасалған Азаматтық бюджет нұсқасы жоқ, ал алдыңғы қатарлы практика негізгі бюджеттік құжаттардың «азаматтық» нұсқасы бюджеттік процестің төрт кезеңінің әрбірінде әзірленуі тиіс деп болжайды.

«Ең аз көлемде» азаматтық бюджет Ақтөбе және Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Нұрсұлтан қаласында қолжетімді. Алматы және Түркістан облыстарында, зерттеушілердің мәліметтері бойынша, азаматтық бюджет әкімдіктің ресми сайтында жарияланбайды.

Бюджет мәлімдемесі атқарушы биліктің экономикалық және бюджет-салық саясатының жоспарларын ұсынады және оны халықаралық сарапшылар келесі фискалдық жылға арналған жобалаудың неғұрлым егжей-тегжейлі бюджеттік құжатын дайындағанға дейін талқылауды ұсынады. Осы зерттеу мақсатында жоспарлы кезеңге арналған бюджет параметрлерімен өзара байланыста стратегиялық мақсаттарды ескере отырып, өңірдің бес жылдық кезеңге арналған Экономикалық даму параметрлерін айқындайтын әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бюджет мәлімдемесі деп танылады.

Зерттеушілер мәліметі бойынша, Маңғыстау және Түркістан облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жарияланбайды, осыған байланысты оларға «ақпарат жеткіліксіз» құжаты бойынша мәртебе берілді.

Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының толықтығы мен ашықтығы «кең көлемді» жалғыз өңір болып Ақмола облысы анықталды, осы өңірде бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму болжамы да, оны бекіткенге дейін жоба да жарияланады. Атырау облысында құжат «айтарлықтай» көлемде ғана қолжетімді.

«Орташа көлемде» әлеуметтік-экономикалық даму болжамы 17 өңірдің 9-ында: Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында жарияланады. «Ең төменгі көлем» критеріі Алматы және Жамбыл облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласындағы құжат болып танылады, өйткені осы өңірлерде әлеуметтік-экономикалық дамудың бекітілген болжамы ғана жарияланады және жұртшылықтың оны бекіткенге дейін талқылау мүмкіндігі жоқ.

Бекітілген бюджет – тиісті мәслихаттың шешімімен бекітілген бюджет және заңнамаға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға жататын өңірдің негізгі қаржылық құжаты.

«Кең көлемде», яғни толық түрде, мемлекеттік және орыс тілдерінде уақытылы бекітілген бюджет тек Алматы қаласында жарияланады. 17 өңірдің 6 өңірі: Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында «елеулі көлемде». «Орташа көлемде» бекітілген бюджет Ақтөбе, Алматы, Қызылорда және Павлодар облыстарында жарияланады. Нұр-Сұлтан қаласындағы «ең аз көлемде», Шымкент қаласында жеткіліксіз көлемде. Заңнама талаптарына қарамастан, зерттеушілердің мәліметтері бойынша бекітілген бюджет Жамбыл және Түркістан облыстарында қолжетімсіз.

Жыл ішіндегі есептер – бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер (ай сайынғы, тоқсан сайынғы), олар бюджеттік жыл ішінде бюджеттің атқарылу нәтижелері туралы ұсыныс береді. Олардың мақсаты – атқарушы биліктің бюджеттің орындалу қарқынын көрсету.

«Кең көлемде» ағымдағы ай сайынғы есептер үш өңірде: Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарында қолжетімді. «Елеулі көлемде» төрт өңірде: Ақмола және Қарағанды облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында. 17 өңірдің 5-інде ағымдағы есептер Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында «орташа көлемде» қол жетімді. Ақтөбе облысында және Шымкент қаласында ай сайынғы есептер «жеткіліксіз» көлемде жарияланады.

Жарты жылдық есеп – жарты жылдық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бюджеттік жылдағы жарты жылдық қорытындылары бойынша бюджеттің жай-күйі туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат береді. Жарты жылдық есептер бағдарламалардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету және кез келген туындайтын проблемаларды анықтау мақсатында шығарылады, жарты жылдық есеп бастапқы макроэкономикалық болжамға жататын экономиканың жай-күйіне баға беруге және жыл қалдығына арналған экономикалық болжамды жаңартуға тиіс.

17 өңірдің 6-ында: Ақмола, Алматы, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында жарты жылдық есеп жарияланбайды. Мұндай төмен көрсеткіш жарты жылдық есепті жариялау заң нормасымен қамтамасыз етілмегендіктен, 17 өңірдің 5-і құжатты «кең көлемде» : Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары, сондай-ақ Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары, ал Солтүстік Қазақстан облысында «айтарлықтай көлемде» жариялайды. Қалған 5 өңірде: Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай және Түркістан облыстары бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есепті ең аз көлемде жариялайды.

Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп) – бұл қаржы жылы аяқталғаннан кейін жергілікті атқарушы органдар әзірлеген негізгі есепті құжат, онда бүкіл қаржы жылы ішінде бюджеттің атқарылуы жөніндегі қызмет туралы ақпарат бар.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі зерттеу объектісі – 2019, 2018 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп болды, ол 2019 жылғы қыркүйекте зерттеу кезінде қолжетімді болуы тиіс¹. Алайда, қорытынды құжат, жергілікті атқарушы органдар жұмысының нәтижесі 17 өңірдің 5-інде: Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Қарағанды және Түркістан облыстарында жарияланған жоқ. 17 өңірдің 5-інде: Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Шымкент қаласында жылдық есеп «ақпарат жеткіліксіз» деп бағаланатын ең аз көлемдегі көлемде жарияланды, Алматыда жылдық есеп индекс стандарттарына сәйкес «ең аз көлемде» жарияланды.

Қостанай облысы – «кең көлемде» жылдық есепті жариялайтын жалғыз өңір. Құжат «елеулі көлемде» үш өңірде: Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында жарияланады. Алынған нәтиже ашық қол жеткізуде құжаттың уақтылы болуын куәландырады, құжат қаржылық ақпаратты көрсетеді, қол жеткізілген нәтижелерді талдау және жоспарланған және нақты шығыстардың алшақтық себептерін түсіндіруді қамтиды, алайда толық көлемде берілмеген деректер бар. Нұр-Сұлтан қаласында бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп «орташа көлемде» жарияланады.

1 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің атқарылуы туралы жылдық есеп үшін мынадай мерзімдер белгіленген: тиісті әкімдік жылдық есепті жыл сайын 20 сәуірген кешіктірмей тексеру комиссиясына, сол жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тиісті мәслихатқа (129-бап ҚР Бюджет кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV) ұсынады. Тексеру комиссиясы мәслихаттың қарауына жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті 20 мамырға дейін ұсынады (ҚР 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңның 51-бабы). Мәслихат Тексеру комиссиясының есебін алғаннан кейін бір ай ішінде мәслихаттың тұрақты комиссияларында әкімдіктің жылдық есебін қарайды. Мәслихаттың тұрақты комиссиялары қарағаннан кейін бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп мәслихат сессиясында бекітіледі (ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексінің 130-бабы).

Аудиторлық есеп – өзінің мазмұны бойынша жергілікті атқарушы органның тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы Тексеру комиссиясының есебі.

Тексеру комиссиясының есебі – 2019 жылғы ең ашық құжат, басқа да негізгі бюджеттік құжаттармен салыстырғанда, сонымен қатар, құжаттың ашықтығы зерттеудің басқа жылдарымен салыстырғанда ілгерілеуде, мысалы, 2015 жылы 6 өңірде ғана құжат «кең көлемді көлем» және 3 – «елеулі көлем» өлшемдеріне сәйкес келді, 2017 жылы 4 және 3-өңір, сәйкесінше, 2019 жылы «кең көлемде» есеп 17 өңірдің 10-ында: Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Нұр-Сұлтан қаласында жарияланады. «Едәуір көлемде» 2 өңірде – Жамбыл және Түркістан облыстарында, яғни құжаттың толықтығы мен ашықтығының айтарлықтай деңгейін 17 өңірдің 12-сі көрсетті.

Тексеру комиссиясының есепті қаржы жылындағы жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебі 17 өңірдің 4-інде қолжетімсіз. Құжат Шымкент қаласында «ең аз көлемде» жарияланады.

5. ЗЕРТТЕУ БӨЛІМДЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР


5.1. Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы

(Зерттеудің 1-бөлімі)

Зерттеудің «Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» 1-бөлімі 16 сұрақтан тұрады және бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесі ашықтығының әртүрлі аспектілері бойынша бюджет процесінің бірінші кезеңін қамтиды. Зерттеудің бірінші бөлімі бойынша нәтиже 100 мүмкін балдан **26 балды** құрайды және индекс шкаласы бойынша **«ең төменгі»** ашықтық критерііне сәйкес келеді. Бұл ретте динамикада 2013 жылдан бастап көрсеткіштің өсуі байқалады. (6-диаграмманы қараңыз), бұл бюджет процесінің бірінші кезеңінің ашықтығы мен қолжетімділігінің аз да болса тұрақты ұлғайғанын көрсетеді.

6-диаграмма.


1-бөлім бойынша орташа мәнгердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



7-диаграммдан көрініп тұрғандай, бірде-бір аймақ индекс шкаласы бойынша «кең», «елеулі» немесе тіпті «орташа» ашықтық деңгейіне жеткен жоқ. Рейтингіті «орташадан төмен» ашықтық деңгейі бар Шығыс Қазақстан облысы (46 балл) бастайды, сондай-ақ бұл критерийге Нұр-Сұлтан қаласы (42 балл) сәйкес келеді.

7-диаграмма.

1-бөлім бойынша рейтинг. «Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы»



Ең төменгі ашықтық деңгейі 17 өңірдің 11-інде айқындалған: Ақмола (35), Алматы (31), Қарағанды (31), Батыс Қазақстан (29), Атырау (29), Қызылорда (25), Маңғыстау (23), Солтүстік Қазақстан (23) және Қостанай (21) облыстарында, сондай-ақ Алматы (25) және Шымкент (25) қалаларында. «Жеткіліксіз немесе жоқ» критерііне 17 өңірдің 3-і сәйкес келеді: Жамбыл (19), Павлодар (19), Ақтөбе (17) облыстары, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысының сабақтастығының толық болмауымен Түркістан облысы және әлеуметтік-экономикалық даму болжамының және азаматтық бюджеттің жариялануын қоса алғанда, бюджет процесінің бірінші кезеңі бойынша ешқандай ақпарат жарияламаған.

Бірінші бөлім бойынша көрсеткіш бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу кезеңінде бюджет процесі ашықтығының төмендігін, жұртшылықтың елеусіз тартылуын, сондай-ақ жұртшылықты тартудың әзірленген тетіктерінің жоқтығын көрсетеді.


5.2. БЮДЖЕТТІ ҚАРАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ

(ЗЕРТТЕУДІҢ 2-БӨЛІМІ)

Бюджеттік процестің екінші кезеңі және зерттеудің 2-бөлімі жергілікті атқарушы органдар тиісті мәслихатқа бюджет жобасын енгізген сәттен бастап ол бекітілгенге дейін процестің ашықтығын, яғни жергілікті бюджет туралы шешім қабылданғанға дейін қамтиды және 13 сұрақтан тұрады. Нәтиже 100 мүмкін балдың 35 балын құрайды және индекс шкаласы бойынша «ең төменгі» ашықтық ретінде анықталған. 2017 жылмен салыстырғанда, 8-диаграммада біз 7 балға айқын регресс көреміз.

8-диаграмма.


2-бөлім бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



Бірде-бір аймақ индекс шкаласы бойынша «кең» немесе «елеулі» ашықтық деңгейіне жетпеді. Екі аймақ – Алматы қаласы (67 балл) және Шығыс Қазақстан облысы (59 балл) бюджет процесінің екінші кезеңінде ақпараттың ашықтығы бойынша «орташа» деңгейде. «Орташадан төмен» деңгейге 17 өңірдің 5-і: Нұр-Сұлтан қаласы (49), Солтүстік Қазақстан (54), Батыс Қазақстан (49), Қостанай (46) және Ақтөбе (41) облыстары сәйкес келеді.

Ашықтықтың ең төменгі деңгейі 17 өңірде анықталған: Қарағанды (39), Атырау (36), Қызылорда (33), Ақмола (31), Павлодар (31) және Алматы (26) облыстары. «Жеткіліксіз немесе жоқ» критерііне 4 өңір сәйкес келеді, оның екеуі – Түркістан және Жамбыл облыстары, зерттеушілердің мәліметтері бойынша бюджет процесінің екінші кезеңі бойынша ешқандай ақпарат жарияламаған, Маңғыстау облысы 20, ал Шымкент қаласы 16 балл жинады.


2-бөлім бойынша рейтинг. «Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы»



5.3. БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ПРОЦЕСІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ (ЗЕРТТЕУДІҢ 3-БӨЛІМІ)

Зерттеудің үшінші бөлімінде бюджеттік процестің осы кезеңіндегі ақпараттың ашықтығын көрсететін 16 мәселе бар. 17 өңір бойынша орташа балл 100 мүмкін балдың 47 балын құрады және бұл ақпараттың ашықтығы индекс шкаласы бойынша «орташадан төмен» деңгейде анықталған жалғыз бөлім. Бюджетті атқару процесінің ашықтық индексі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең жоғары балға ие, бұл осы кезеңнің барынша ашықтығын көрсетеді. Динамикада 2013 жылдан бастап көрсеткіштің өсуі байқалады (10-диаграмманы қараңыз) және 2017 жылмен салыстырғанда, орташа балл 2 тармаққа өсті.


3-бөлім бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



Ашықтықтың «маңызды» деңгейі бар жалғыз өңір – 81 балмен Шығыс Қазақстан облысы анықталды. Үшінші бөлімнің «орта» ашық деңгейінде 17 өңірдің 6-ы: Павлодар (71), Қарағанды (67), Қостанай (67) облыстары, Нұр-Сұлтан (63) және Алматы (56) және Солтүстік Қазақстан облысы (56) бар.

11-диаграмма.

3-бөлім бойынша рейтинг. «Бюджеттің орындалу процесінің ашықтығы»



«Орташадан төмен» деңгейде 5 өңір: Батыс Қазақстан (52), Ақмола (44), Маңғыстау (42), Алматы (42) және Атырау (38) облыстары. Ең төменгі ашықтық Жамбыл (33), Қызылорда (29), Түркістан (23) және Ақтөбе (21) облыстарында анықталған. Шымкент қаласында бюджеттің орындалу процесінің ашықтығы 15 балмен «жеткіліксіз немесе жоқ» деңгейінде анықталған.

Ең жақсы көрсеткіштер заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің есептілік форматында ақпаратты уақтылы жариялауға шоғырланатын мәселелер бойынша анықталды, ал талдау деректері бар неғұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты талап ететін қалған мәселелер осындай жоғары нәтижені көрсетпейді.

5.4. БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП


(4-БӨЛІМ ЗЕРТТЕУЛЕР)

Зерттеудің соңғы бөлімі және бюджеттік процестің соңғы кезеңі – бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау, қарау және бекіту, сондай-ақ қорытынды бюджеттік құжатты жариялау. Төртінші бөлім зерттеуі 13 сұрақтан тұрады. Нәтиже 100 мүмкін балдың **25 балын** құрайды және индекс шкаласы бойынша **«ең төменгі»** ашықтық ретінде анықталған.

2017 жылмен салыстырғанда, 12-диаграммада көрсеткіштің күрт төмендегенін көреміз, алдыңғы кезеңдерде оң динамика байқалса да, бұл жергілікті атқарушы органдардың өткен жылдардың жетістіктерін бекітуге қабілетсіздігін көрсетеді және алдағы зерттеулерде қазіргі жағымсыз үрдіс айқын байқалмайды немесе 2017 жылға дейін анықталған оң үрдістер бекітіледі.

12-диаграмма.


4-бөлім бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



Бірде-бір аймақ индекс шкаласы бойынша «кең» немесе «елеулі» ашықтық деңгейіне жетпеді. Үш өңірде зерттеудің төртінші бөлімінің ашықтығы «орташа» деңгей ретінде: Шығыс Қазақстан облысы 67 балмен және Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында 62 балмен бағаланады. «Орташадан төмен» деңгейіне екі өңір Нұр-Сұлтан қаласы (51 балл) және Павлодар облысы (46 балл) сәйкес келеді.

13-диаграмма.

4-бөлім бойынша рейтинг. «Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»



Ең төменгі ашықтықты екі өңір көрсетеді – Алматы қаласы (31 балл) және Батыс Қазақстан облысы (21 балл).

«Жеткіліксіз немесе жоқ» критерііне өңірлердің басым көпшілігі сәйкес келеді – 17-ден 10-ы, Қызылорда облысы 18 балмен, Ақтөбе, Алматы, Атырау және Ақмола облыстары 10 балмен, Қарағанды облысы 8 балмен және 5 балмен үш өңір: Шымкент қаласы, Жамбыл және Маңғыстау облыстары. Түркістан облысы бөлім бойынша қажетті ақпарат жарияламады.

Бұл өңірлер аз ғана қосымша күш жұмсаса, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті егжей-тегжейлі жариялай отырып, өзінің ашықтық деңгейін айтарлықтай арттыра алады, онда әкімдік мәслихатқа қарау және бекіту үшін талдамалы есеп пен түсіндірме жазбаны қоса алғанда, барлық қосымшаларымен, сондай-ақ егер жергілікті өкілді органдар тыңдалған баяндамалармен, өзінің ескертулерімен және түсініктемелерімен бөліссе, яғни мәні бойынша оларда бар ақпаратты орналастыра алады.

6. ӨҢІРЛЕР ДИНАМИКАСЫ


Ақмола облысы

Ақмола облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтық индексінің көрсеткіші ықтимал 100 балдың 30 балын құрады, бұл көршілес облыстар – Қостанай (49) және Павлодар (42) орташа балынан айтарлықтай төмен, ел бойынша орташа балдан (33) төмен және зерттелген 17 өңірдің арасында бюджет ашықтығы бойынша **тоғызыншы орында** тұр. Ақмола облысын бағалау көрсеткендей, жергілікті органдар зерттеу шеңберінде бағаланатын жергілікті биліктің бюджеті мен қаржылық қызметі туралы жұртшылыққа ең аз ақпарат береді.

Ақмола облысы 2019 жылы 30 балл алып, 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтық индексімен салыстырғанда (58 балл) көрсеткішті айтарлықтай төмендетті, прогресті бекіте алмайтынын көрсетті, сондай-ақ 2015 жылмен салыстырғанда (44 балл) да көрсеткішті төмендетті және 2013 жылғы деңгеймен (29 балл) теңесті.

14-диаграмма.


Ақмола облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



15-диаграмма көрсеткіштерді төмендету бойынша және зерттеудің барлық бөлімі бойынша жалпы көріністі көрсетеді, алайда алдыңғы кезеңдерде Ақмола облысы бюджетінің ашықтығын қамтамасыз ету бойынша айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізілді. Көрсеткіштің ең үлкен төмендеуі зерттеудің 4 бөлімі бойынша байқалады, екінші бөлім бойынша айтарлықтай, бірінші бөлім бойынша 11 балға және үшінші бөлім бойынша 2017 жылмен салыстырғанда 13 балға төмен.

15-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019жж.)



2019 жылы **бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы** 35 балға бағаланады және бюджет процесінің осы кезеңінің ең аз ашықтығын көрсетеді, сонымен қатар 2017 жылмен салыстырғанда (46) көрсеткіш 11 балға төмендетілді.

Көрсеткіштің төмендеуі бюджет жобасы мен оның түсіндірме жазбасы бекітілгенге дейін жариялануына байланысты, алайда 2019 жылы өзекті құжат қолжетімді емес. Бекіту алдында бюджет жобасын және әлеуметтік-экономикалық даму болжамын халықпен талқылау тетіктері жоқ, әкімдік жергілікті бюджет жобасын дайындау кестесін жұртшылыққа жеткізбейді, мәслихат бюджет жобасын талқылау және бекіту кезінде жұртшылықтың ескерілген ұсыныстары туралы ақпаратты жарияламайды, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын қарау туралы ақпаратты мәслихат сессиясына дейін жарияламайды. Көңіл көншітері сол, Азаматтық бюджет бұрынғысынша жоба және бекітілген бюджет негізінде, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму болжамы кең көлемде жарияланады.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджеттің ашықтық индексі 31 балды құрайды және осы бөлім бойынша көрсеткіштің 2017 жылмен салыстырғанда, екі есеге азайғаны байқалады. Көрсеткіштің төмендеуі бекітілген облыстық бюджет туралы мәслихат сессиясының шешімін міндетті түрде жариялау туралы заң талаптарына қарамастан, ол зерттеушінің мәліметтері бойынша алдыңғы кезеңдерді қоса алғанда, жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың ресми сайттарында анықталмауына байланысты. Әкімдік пен мәслихат бюджет туралы ақпаратты және мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарын тарату үшін ең төменгі тетіктерді пайдаланады.

Бюджеттің атқарылу процесі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 44 балл алды, алайда 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 13 балға (57 балл) төмендеді. Атқарушы органдар ай сайын бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептерді толық жариялайды, алайда алдын ала қолжетімді болған бюджеттің атқарылуы туралы жартыжылдық есеп жоқ. Әкімдік әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша ақпарат жариялайды. Тексеру комиссиялары бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды жариялайды, алайда бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелері туралы ақпарат пен есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы Тексеру комиссиясының жылдық есептері қолжетімді емес. Сондай-ақ әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат жұртшылық үшін қолжетімді емес.

2019 жылы **«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»** бөлімі бойынша индекс 10 балды құрайды және басқа бөлімдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда ең төмен болып танылды, сонымен қатар 2017 жылмен (66) салыстырғанда көрсеткіштің 56 тармаққа айтарлықтай төмендеуі байқалады, бұл бюджеттің атқарылуы туралы елеулі көлемде бұрын қолжетімді болған жылдық есептің жарияланбауына байланысты. Бұдан басқа, қорытынды құжатты қарау және бекіту бойынша басқа да ақпарат қолжетімсіз. Алдыңғы кезеңдер үшін жылдық есептер қолжетімді, осыған байланысты бөлім қандай да бір балл алды.

5-кестеден көрініп тұрғандай, азаматтық бюджет және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және «елеулі» көлемде бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы ай сайынғы есептер **бюджеттік құжаттар** «кең көлемде» қолжетімді. Бюджет жобасы, бюджеттің атқарылуы туралы жартыжылдық және жылдық есеп, өзекті бекітілген облыстық бюджет (жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихат сессиясының шешімі), сондай-ақ тексеру комиссиясының бюджетті бекіту туралы жылдық есебі қолжетімсіз.

Ақмола облысында негізгі бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017жж.)


БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	A	E
Азаматтық бюджет	A	A	A
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	D	D	A
Бекітілген бюджет	B	B	E
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	B	A	B
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	B	A	E
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	B	A	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	C	B	E

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Ақтөбе облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдың 22-ін құрады, бұл көрші облыстардың – Қостанай (49) және Батыс Қазақстан (38) орташа балынан айтарлықтай төмен. Ақтөбе облысын бағалау көрсеткендей, жергілікті органдар жұртшылыққа зерттеу шеңберінде бағаланатын жергілікті биліктің бюджеті мен қаржылық қызметі туралы **ең аз** ақпарат береді.

16-диаграмма.


Ақтөбе облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



2019 жылы 22 балл алып, Ақтөбе облысы 2017 жылғы (35 балл), 2015 жылғы (39 балл) және 2013 жылғы (33 балл) ашықтық индексімен салыстырғанда жалпы көрсеткішті айтарлықтай төмендетті. 17-диаграммадан көрініп тұрғандай, бірінші және екінші бөлімдер бойынша көрсеткіштер жақсартылып, зерттеудің үшінші және төртінші бөлімдері бойынша айтарлықтай төмендеді.

17-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019жж.)



Зерттеудің бірінші бөлімі бойынша – **«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы»** көрсеткіш 4 балға жақсарып, 17 балды құрайды. Кейбір оң көрсеткіштерге қарамастан, бюджет жобасы бекітілгенге дейін және оған ілеспе құжаттар бұрынғысынша жарияланбайды, бекіту алдында әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жұртшылықпен талқылау тетіктері, сондай-ақ бюджет жобасын әзірлеу кезінде жұртшылықтың қатысуы үшін тетіктер жасалмаған, әкімдік пен мәслихат өңір халқының мұқтаждарына сәйкес бюджеттік шығыстарды қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың түрлі арналарын пайдаланбайды. Осы кезеңдегі жалғыз қолжетімді құжаттар бекітілген бюджет бойынша жасалған Азаматтық бюджет және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы болып отыр, ол БАҚ-та жариялануға міндетті құжат саналады.

Бюджетті қарау және бекіту процесі бюджеттік процестің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 41 балл алды, бұл Индекс шкаласы бойынша «орташадан төмен» деңгейінде анықталады. Осы кезеңде жұртшылық көп ақпаратқа қол жеткізе алады, атап айтқанда, әкімдік бюджет туралы ақпаратты тарату үшін ең төменгі тетіктерді пайдаланады, жұртшылық мәслихаттың алдағы сессиясында жергілікті бюджетті бекіту туралы хабардар етіледі, Облыстың нақтыланған бекітілген бюджеті жарияланады (Жергілікті бюджет туралы мәслихат сессиясының шешімі), алайда өткен жылдардағы бекітілген бюджеттер жоқ, тұрақты бюджет комиссиясы отырыстарының қорытындылары бойынша хаттамалар ашық деректерде қолжетімді емес, сондай-ақ бюджетті қарау және бекіту кезінде мәслихат депутаттары енгізген түзетулер туралы ақпаратқа да қол жеткізу мүмкін емес.

«Бюджеттің атқарылуы процесінің ашықтығы» ең төменгі деңгейде анықталған және 2019 жылы 21 балды құрайды, бұл 2017 жылға қарағанда 22 тармаққа төмен (43 балл), бұл бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы және жарты жылдық есептердің жариялануына қарамастан, олар біріктірілген түрде ұсынылуына және тек кассалық атқаруды көрсетуіне байланысты, тексеру комиссиясы өзінің сайтында бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жарияламайды, сондай-ақ жұртшылық тексеру комиссияларының ұсыныстарына сәйкес әкімдік қабылдаған шаралар туралы ақпаратқа немесе, сондай-ақ бюджет процесінің осы кезеңіне тәуелсіз сарапшылардың қатысуы туралы ақпарат жоқ.

Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп – атқарушы органдардың есепті кезеңдегі жұмысының нәтижесі және жариялануға міндетті құжат, алайда, өзекті құжатты жергілікті атқарушы және өкілетті билік органдары жарияламаған. Жұртшылықтың ресми сайттарында бюджеттің атқарылуы туралы қысқаша ақпарат қана қолжетімді және тиісінше 2019 жылы бөлім 10 балға баға алды және бюджет процесінің ең жабық кезеңі ретінде анықталды, бұдан басқа 2017 жылмен салыстырғанда 41 балға айтарлықтай регресс байқалады (51), өйткені бұрын жылдық есеп жарияланып, бекітілген және нақты алынған табыстар арасындағы алшақтық себептерінің немесе бюджет қаражатының игерілмеу себептерінің түсіндірмесі болды.

«Негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы» 6-кестенің түстік индикациясы 2019 жылы сегіз құжаттың қайсысы қолжетімді болғанын көрсетеді. Жыл сайын бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептермен ахуал нашарлауда және бұрын көрсетілгендей, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп пен тексеру комиссиясының есебі жарияланбайды, бірақ Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайы болжамының қолжетімділігі айтарлықтай жақсарды, сондай-ақ азаматтық бюджеттің ашықтығы артты, бірақ 2015 жылдың деңгейіне жеткен жоқ.

Ақтөбе облысында негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	D	C	E
Азаматтық бюджет	A	E	D
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	D	E	C
Бекітілген бюджет	A	B	C
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	A	B	E
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	B	B	D
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	B	B	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	C	E	E


АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Алматы облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтық индексінің көрсеткіші ықтимал 100-ден **27 балды** құрады, бұл көрші Жамбыл облысының орташа балынан жоғары (14), бірақ көшбасшыдан айтарлықтай төмен – Шығыс Қазақстан облысы (63 балл), сондай-ақ ел бойынша орташа балдан төмен (33) және зерттелетін 17 аймақтың арасында ашықтық бойынша **он бірінші орында**. Алматы облысын бағалау көрсеткендей, жергілікті органдар жұртшылыққа зерттеу шеңберінде бағаланатын жергілікті биліктің бюджеті мен қаржылық қызметі туралы **ең аз** ақпарат береді.

2019 жылы 27 балл алып, Алматы облысы 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтық индексімен (18 балл) салыстырғанда көрсеткішті жақсартты, бірақ 2015 жылғы (44 балл) және 2013 жылғы (35 балл) көрсеткішке жеткен жоқ.

18-диаграмма.


Алматы облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



2017 жылмен салыстырғанда, ашықтық бойынша елеулі прогреске зерттеудің бірінші және үшінші бөлімдері бойынша қол жеткізілді, екінші бөлім бойынша көрсеткіштің артуы елеусіз болды, ал үшінші бөлім бойынша ашықтық деңгейінің төмендеуі байқалады.

19-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» бірінші бөлімі 2019 жылы 31 балға бағаланады және 2017 жылмен (10) салыстырғанда көрсеткіш 3 еседен аса өсті. Көрсеткіштің ұлғаюы жергілікті атқарушы органдардың бюджет жобасы мен түсіндірме жазбасын жариялауына байланысты, алайда мұндай жарияланымның мерзімі зерттеу талаптарында көзделген мерзімнен кеш қалып тұр. Сондай-ақ зерттеуші мәліметтері бойынша Азаматтық бюджет қолжетімсіз, ал әлеуметтік-экономикалық даму болжамы ең аз көлемде жарияланады. Бұдан басқа, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын бекіту алдында жұртшылықпен талқылау тетіктері жоқ, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды. Бюджет жобасын әзірлеу кезінде жұртшылықтың қатысуы үшін тетіктер туралы ең төменгі ақпарат бар, ал әкімдік өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджет шығыстарын қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың түрлі арналарын пайдаланады.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджет ашықтығы индексі 26 балды құрайды және осы бөлім бойынша 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің шамалы өсуі байқалады (24), бірақ 2015 жылдың деңгейіне жетпейді (79). Бекітілген облыстық бюджет өте шектеулі көлемде жарияланады, әкімдік пен мәслихат бюджет туралы ақпаратты тарату үшін ең төменгі тетіктерді пайдаланады, мәслихаттың тұрақты комиссиялары отырысының хаттамалары жарияланбайды. Тиісінше, жұртшылық облыстың басты қаржы құжаты – бюджетті қабылдау туралы ақпараттан бейхабар.

Бюджетті атқару процесі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 42 балл алды, сонымен қатар көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті (26 балл), бірақ 2015 жылғы ашықтық деңгейіне жете алмады (63 балл). Бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер ең аз көлемде жарияланады және тек жалпылама цифрлардан тұрады, жарты жылдық есеп жарияланбаған. Әкімдік әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша ақпарат жариялайды. Тексеру комиссиялары бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды, бақылаудағы (аудиторлық) іс-шаралардың және есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жариялайды. Алайда, әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің үкіметтік емес ұйымдарды немесе тәуелсіз сарапшыларды бюджеттік бағдарламаларды мониторингілеу мен бағалауға тартуы туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімсіз.

2019 жылы **«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»** бөлімі бойынша индекс 10 балды құрайды және басқа бөлімдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда ең төмен, сонымен қатар 2017 жылмен (12) салыстырғанда көрсеткіштің төмендеуі байқалады. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп жарияланбайды. Алдыңғы кезеңдердегі жылдық есептер мен бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау барысындағы мәслихат депутаттарының іс-әрекеттері туралы ең төменгі ақпарат қана қолжетімді, осыған байланысты бұл бөлім қандай да бір балл алды.

7-кестеден көрініп тұрғандай, бюджеттің атқарылуы туралы тексеру комиссиясының жылдық есебі «елеулі» көлемде жалғыз **бюджеттік құжат** болып отыр. «Орташа көлемде» атқарушы билік бюджетінің жобасы және бекітілген облыстық бюджет қолжетімді (жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихат сессиясының шешімі). Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы ағымдағы есептер ең аз көлемде жарияланады. Азаматтық бюджет, бюджеттің атқарылуы туралы жартыжылдық және жылдық есеп қолжетімсіз.

Алматы облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	E	C
Азаматтық бюджет	A	B	E
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	A	D	D
Бекітілген бюджет	A	B	C
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	A	A	D
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	B	E	E
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	E	D	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	A	E	A


АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

Атырау облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші ықтимал 100 балдың **28 балын** құрады, бұл көршілес Маңғыстау облысының орташа балынан (23) жоғары, бірақ Батыс Қазақстан облысының көрсеткішінен (38) төмен, сондай-ақ ел бойынша орташа балдан (33) төмен және зерттелетін өңірлер арасында ашықтық бойынша **оныншы орында тұр**. Атырау облысы Республикалық бюджеттің негізгі донорларының бірі, бірақ бұл ретте облыстың бағасы жергілікті органдардың зерттеу шеңберінде бағаланатын жергілікті биліктің бюджеті мен қаржылық қызметі туралы жұртшылыққа **барынша аз** ақпарат беретіндігін көрсетеді.

2019 жылы 28 балл алып, Атырау облысы 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтығы индексімен (34 балл) салыстырғанда көрсеткішті айтарлықтай төмендетті, бұл ретте тұрақты регресс байқалады, себебі 2015 және 2013 жылдары баға – 36 балды құрады.

20-диаграмма.

Атырау облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



2017 жылмен салыстырғанда, ашықтықтағы елеулі прогреске зерттеудің бірінші бөлімі бойынша қол жеткізілді, үшінші бөлім бойынша да көрсеткіштің артуы, екінші және төртінші бөлім бойынша орташа балдың айтарлықтай төмендеуі байқалады.

21-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» бірінші бөлімі бойынша 29 балға бағаланады және 2017 жылмен (15) салыстырғанда көрсеткіш екі есеге жуық өсті. 2017 жылға қарағанда әлеуметтік-экономикалық даму болжамы «елеулі көлемде» жарияланады. Бюджет жобасы бойынша да, бекітілген нұсқа бойынша да Азаматтық бюджет кең көлемде жарияланады. Алайда әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және бюджет жобасын бекіту алдында жұртшылықпен талқылау тетіктері жоқ, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды, әкімдік жергілікті бюджет жобасын дайындау кестесін жұртшылыққа жеткізбейді. Әкімдік пен мәслихат өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджеттік шығындарды қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың түрлі арналарын пайдаланатынын атап өткен жөн.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджеттің ашықтық индексі 36 балды құрайды және осы бөлім бойынша көрсеткіштің 2017 жылмен салыстырғанда айтарлықтай төмендеуі байқалады (52). Бекітілген облыстық бюджеттің толықтығы мен ашықтығы азайған, әкімдік бюджет туралы ақпаратты тарату үшін ең төменгі тетіктерді пайдаланады. Атқарушы және өкілетті билік органдарының бөлінуіне қарамастан, мәслихаттың өз сайты жоқ және барлық ақпарат әкімдіктің платформасындағы мәслихаттың сайтында орналасқан, бұрын мәслихаттың жеке сайты болған еді, енді жұртшылыққа мәслихаттың тұрақты комиссиялары отырысының хаттамалары, бюджет жобасын қарау және бекіту кезінде мәслихат депутаттары енгізген түзетулер туралы ақпарат қолжетімді емес, жұртшылыққа алдағы мәслихат сессиясында жергілікті бюджетті бекіту туралы да хабардар етілмейді.

Бюджетті атқару процесі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 38 балл алды, сонымен қатар 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіш артты (31 балл). Бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер «орташа көлемде» жарияланады, жарты жылдық есеп жарияланбаған. Әкімдік әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша ақпарат жариялайды. Тексеру комиссиялары бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелерін және есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жариялайды, алайда жұртшылық тексеру комиссиясының отырыстары туралы хабардар етілмейді. Сондай-ақ әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларды мониторингілеу мен бағалауға ҰЕҰ немесе тәуелсіз сарапшыларды тартуы туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімсіз.

2019 жылы **«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»** бөлімі бойынша индекс 10 балды құрайды және басқа бөлімдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда ең төмені, сонымен қатар 2017 жылмен салыстырғанда (39) көрсеткіштің айтарлықтай күрт төмендеуі байқалады. Көрсеткіштің төмендеуі бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп жеткіліксіз көлемде орналастырылған және өткен кезеңдер үшін жылдық есептер жоқ. Жұртшылық мәслихаттың тұрақты комиссияларында бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылағаны туралы және Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау барысындағы мәслихат депутаттарының іс-әрекеттері туралы хабардар етілмейді.

Бюджет құжаттарының толықтығы мен ашықтығына ең елеулі өзгерістер бюджеттің атқарылуы жөніндегі жылдық есепке қатысты теріс мағынада және тексеру комиссиясының аудиторлық жылдық есебінде оң өзгерістер болды. Азаматтық бюджет «елеулі көлемде», ал әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және бекітілген облыстық бюджет «елеулі көлемде» жарияланады. Облыс тұрғындары үшін атқарушы билік бюджетінің жобасы және Бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп қолжетімді емес. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп шектеулі көлемде жарияланады.

Атырау облысында негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	E	E
Азаматтық бюджет	A	A	A
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	A	D	B
Бекітілген бюджет	A	A	B
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	C	C	C
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	D	E	E
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	B	B	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	E	E	A


ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Шығыс Қазақстан облысы – жергілікті бюджеттердің ашықтық индексіні зерттеудің барлық жылында сөзсіз көшбасшысы және 2019 жылғы көрсеткіші мүмкін 100 балдың **63 балын** құрады, бұл көршілес облыстар – Павлодар (42) және Алматы (27) облыстарының орташа балынан айтарлықтай жоғары, сондай-ақ ел бойынша орташа балдан айтарлықтай жоғары (33) және зерттелетін өңірлер арасында ашықтық бойынша бірінші орында.

Шығыс Қазақстан облысын бағалау жергілікті органдардың жұртшылыққа зерттеу шеңберінде бағаланатын облыстың жергілікті билік органдарының бюджет және қаржылық қызметі туралы «орташа» ақпарат беретінін көрсетеді. Сондықтан азаматтар үшін есеп беретін үкіметтің болуы және облыстың ақша қаражатын қалай басқаратынын бақылау мүмкіндігі бар. Көшбасшылықты сақтап қалғанына қарамастан, Шығыс Қазақстан облысы 2017 жылдың көрсеткішін төмендетті (73 балл), 2015 жылдың көрсеткішіне (63 балл) қайтып келген кезде ашықтықтың **«айтарлықтай»** деңгейіне ғана қол жеткізді.

22-диаграмма.


Шығыс Қазақстан облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



Шығыс Қазақстан облысы 23-диаграммадан көрініп тұрғандай, бірінші, екінші және төртінші бөлімдер бойынша көрсеткіштерді айтарлықтай төмендетті, алайда зерттеудің үшінші бөлімінің ашықтығын жақсартты.

23-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» индексі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең төмен балл – 46, бұл осы кезеңнің ең төмен ашықтығын көрсетеді, сонымен қатар бөлім 2017 жылғы өз нәтижелерін төмендетті (67 балл), тіпті 2015 жылғы көрсеткішті нашарлатты (48 балл). Көрсеткіштің төмендеуі бұрын «орташа көлемде» жарияланған бюджет жобасы қолжетімділігінің «аз» көрсеткішке төмендеуіне, ал бұрын «кең көлемде» қолжетімді болған азаматтық бюджеттің ашықтығы енді «орташа көлемде» ғана қолжетімді болуына байланысты. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамының ашықтығы 2017 жылмен салыстырғанда сәл жақсарды, алайда 2015 жылдың деңгейіне жеткен жоқ. Әкімдік пен мәслихат өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджет шығыстарын қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың түрлі арналарын пайдаланады, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жариялайды.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджет ашықтығы индексі 59 балды құрайды және алдыңғы жылдардағы прогрессивті орнықтыру қабілетсіздігін көрсете отырып, 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткішті айтарлықтай төмендетті (73 балл). Жұртшылық мәслихаттың алдағы сессиясында жергілікті бюджетті бекіту туралы хабардар етіледі, облыстың нақтыланған бекітілген бюджеті (жергілікті бюджет туралы мәслихат сессиясының шешімі) жарияланады, алайда ашықтықтың «кең» деңгейден төмендегені байқалады, бірақ әлі де «айтарлықтай көлем», сондай-ақ өткен кезеңдерде бекітілген бюджеттер сақталады. Алайда бюджет жобасын қарау және бекіту кезінде мәслихат депутаттары енгізген түзетулер туралы ақпарат қолжетімсіз.

Бюджетті атқару процесі басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 81 балл алды, осылайша 2017 жылмен салыстырғанда (59 балл) 22 тармаққа өз көрсеткішін айтарлықтай жақсартты. Нәтиженің жақсаруы бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелерін, есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы Тексеру комиссиясының жылдық есебін жариялайды және жұртшылық тексеру комиссиясының отырыстары туралы хабардар етіледі. Жергілікті атқарушы органдар бюджеттің атқарылуы туралы толық ай сайынғы және жарты жылдық есептерді жариялаудың оң тәжірибесін жалғастыруда.

Бюджеттің атқарылуы және оны қарау және бекіту процесі туралы жылдық есептің ашықтығы 67 балды құрайды, 2017 жылы қол жеткізілген айтарлықтай прогресті (94 балл) төмендетті. Атқарушы және өкілетті билік облыс бюджетінің атқарылуы туралы өзекті жылдық есепті жариялайды, алайда әкімдік шығыстардың экономикалық сыныптамасы бойынша жіктелетін жылдық есепті жарияламайды. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау барысындағы мәслихат депутаттарының іс-әрекеттері туралы ақпарат өте аз жарияланады, жұртшылық мәслихаттың тұрақты комиссияларында жылдық есепті талқылау туралы хабардар етілмейді.

9-кестенің түстік индикациясы **негізгі бюджеттік құжаттардың** көпшілігінің қолжетімділігін көрсетеді. «Ауқымды көлемде» бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы және жартыжылдық есептер, сондай-ақ тексеру комиссиясының бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебі қолжетімді. «Елеулі көлемде» бекітілген бюджет, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп қолжетімді. Бюджет жобасы ең аз көлемде жарияланады. Азаматтық бюджеттің ашықтығы мен толықтығы және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы «орта» деңгейде бағаланады.

Шығыс Қазақстан облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017жж.)


БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	C	C	D
Азаматтық бюджет	A	A	C
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	A	D	C
Бекітілген бюджет	A	A	B
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	A	A	A
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	A	B	A
Жыл соңындағы есеп бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	A	A	B
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	A	C	A

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Жамбыл облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдың **14 балын** құрады, бұл көршілес Алматы облысының орташа балынан айтарлықтай төмен (27), Бірақ Түркістан облысының көрсеткішінен жоғары (6 балл), сондай-ақ ел бойынша орташа балдан (33) айтарлықтай төмен және зерттелетін 17 аймақтың арасында ашықтық бойынша **соңғы – он алтыншы орында** тұр. 2019 жылы 14 балл алып, Жамбыл облысы жергілікті бюджеттің ашықтығы индексімен салыстырғанда 2017 және 2015 жылы 40 балға айтарлықтай төмендетті және 2013 жылдың (25) көрсеткішіне тіпті жеткен жоқ.

24-диаграмма.

Жамбыл облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні




Жамбыл облысының бағалауы көрсеткендей, жергілікті органдар жұртшылықтың зерттеу шеңберінде бағаланатын облыстың жергілікті билігінің бюджет және қаржылық қызметі туралы ақпаратты Индекс шкаласы бойынша **«жеткіліксіз немесе жоқ»** деңгейінде ұсынады.

Мұндай елеулі төмендеу болмаған жалғыз бірінші бөлім, ең үлкен теріс өзгерістер екінші және төртінші бөлімге қатысты, үшінші бөлімнің көрсеткіші 17 балға төмендеді.

25-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджет ашықтығы индексі

19 балды құрайды, бұл «жеткіліксіз немесе жоқ» шкаласына сәйкес келеді, бұдан басқа, 2017 жылмен салыстырғанда (33) көрсеткіштің 15 балға төмендеуі байқалады. Айта кету керек, мұндай төмен балл көрсеткіші бюджет жобасы туралы ақпараттың ашық қолжетімділігіне байланысты. Түсіндірме жазба жарияланбайды, жұртшылық бюджет жобасын әзірлеуге, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын талқылауға тартылмайды. Бюджетті дайындау кестесі жұртшылыққа жеткізілмейді, бюджет жобасын қарау процесіне жұртшылықты тарту тетіктері құрылмаған. Қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды. Әкімдіктің сайтында бекітілген бюджет қана жарияланады, бірақ жоба бойынша емес, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бекітілгенге дейін жарияланбайды. Әкімдік халықпен жалпы мәселелер бойынша кері байланыс арналарын ұсынады, бірақ ол жеткіліксіз. Халық іс жүзінде бюджеттік жоспарлау процесінен толығымен қалыс қалған деген қорытынды жасауға болады.

Бюджетті қарау және бекіту процесі 0 балл алды. Бюджеттің ашықтығы индексі бойынша алдыңғы жылдардағы зерттеулермен салыстырғанда айтарлықтай кері өзгерістер болды, дегенмен бұрынғы бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық кезеңдердің бірі болды. Алынған нөлдік нәтиже бюджетті қарау және бекіту процесі зерттеушінің мәліметтері бойынша жұртшылық үшін толық жабылғанын білдіреді. Мәслихат пен әкімдік бюджетті талқылауға халықты тарту жөнінде ешқандай жұмыстар жүргізбеген, халыққа мәслихаттың тұрақты комиссияларында жергілікті бюджетті талқылау туралы немесе мәслихаттың алдағы сессиясында жергілікті бюджетті бекіту туралы хабарланбайды, сондай-ақ бюджетті нақтылау туралы ақпарат ашық қолжетімділікке ие болмайды. Бұдан басқа, өткен жылдарды қоса алғанда, бекітілген бюджет де жарияланбайды.

Жамбыл облысы **бюджетінің атқарылу процесі** бюджет процесінің басқа кезеңдеріне қарағанда неғұрлым ашық. Орташа балл 33, бірақ бұл 2017 жылғы көрсеткіштен (50) айтарлықтай төмен. Әкімдік мерзімді түрде бюджеттің орындалуы бойынша ағымдағы есепті жариялайды, бірақ кірістер мен шығыстар туралы толық ақпарат бермейді, тек жалпы біріктірілген деректер көрсетілген. Тексеру комиссиясы тексеру жоспарынан қорытынды есепке дейінгі өз іс-әрекеттері туралы ақпаратты жариялайды, алайда бұл мәліметтер де толық емес. Сондай-ақ жұртшылық үшін тексеру комиссияларының ұсыныстарына сәйкес әкімдік қабылдаған шаралар туралы ақпарат немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат қолжетімді емес.

Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің ашықтығы өте төмен. Орташа балл – 5. 2017 жылғы сан – 30 балл, басқа кезеңдердегідей, сандар да ағымдағы кезең ішінде төмендеді. Әкімдік сайтта бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жариялайды, бірақ ол жалпы ақпаратты қамтиды, кірістер мен шығыстар туралы толық ақпарат келтірілмейді, жоспарлар мен нәтижелердің айырмашылығы талданбайды, пікірлер жоқ. Халыққа жылдық есепті қарау жөніндегі мәслихат отырыстары туралы мәлімет жеткізілмейді, ал нәтижелер туралы ақпарат, ескертулер мен түсініктемелер ашық көздерде де қолжетімді емес. Халықты осы процестерге тартуға қатысты әкімдіктің де, мәслихаттың да тиісті жұмыстары туралы ақпарат жоқ.

Жалпы регресс негізгі сегіз бюджеттік құжатта да көрсетіледі (10-кестені қараңыз). Өзекті жарияланбаған: бюджет жобасы және бекітілген бюджет, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп «жеткіліксіз» ақпараттан тұрады. Ең аз көлемде әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы және жартыжылдық есептер қолжетімді. Азаматтық бюджет жоба емес, бекітілген бюджет бойынша ғана жарияланады. Бюджеттің атқарылуы туралы Тексеру комиссиясының жылдық есебі елеулі көлемде қолжетімді жалғыз құжат болып отыр.

Жамбыл облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)


БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	E	E
Азаматтық бюджет	B	C	C
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	D	A	D
Бекітілген бюджет	B	B	E
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	B	B	D
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	C	E	D
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	B	C	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	A	A	B

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Батыс Қазақстан облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдан **38 балды** құрады, бұл көрші Ақтөбе (22) және Атырау (28) облыстарының орташа баллынан айтарлықтай жоғары, бірақ ел бойынша орташа балдан елеусіз жоғары (33) және зерттелетін 17 аймақтың арасында ашықтық бойынша **жетінші орында**. 2019 жылы 38 балл алып, Батыс Қазақстан облысы 2017 жылғы (34 балл) және 2015 жылғы (36 балл) жергілікті бюджеттің ашықтық индексімен салыстырғанда, көрсеткішті жақсартты, бірақ 2013 жылғы (41) көрсеткішке жеткен жоқ.

26-диаграмма.

Батыс Қазақстан облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні




Батыс Қазақстан облысын бағалау жергілікті органдар жұртшылыққа зерттеу шеңберінде бағаланатын облыстың жергілікті билік органдарының бюджет және қаржылық қызметі туралы ақпаратты **«орташадан төмен»** деңгейде беретінін көрсетеді.

Зерттеудің алғашқы үш бөлімі бойынша Батыс Қазақстан облысы өз көрсеткіштерін жақсартты, алайда төртінші бөлімі бойынша көрсеткіш айтарлықтай төмендеді.

27-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



2019 жылы **бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы** 29 балға бағаланады және бюджет процесінің осы кезеңі ашықтықтың ең төменгі деңгейін көрсетеді, алайда 2017 жылмен салыстырғанда (19) көрсеткіш 10 балға жақсарды. Бұрын бюджет жобасы бекітілгенге дейін жарияланбаған, енді әкімдіктің сайтында «бюджет саясаты» бөлімінде бюджет жобасы түсіндірме жазбаның жеке деректері бар қысқаша анықтама түрінде жарияланады, бірақ әлі де құжат толық емес, сондай-ақ жоба мен бекітілген бюджет негізінде жасалған азаматтық бюджет жарияланады. Алайда бекітер алдында бюджет жобасын және әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жұртшылықпен талқылау тетіктері әлі де жоқ, әкімдік жергілікті бюджет жобасын дайындау кестесін жұртшылыққа жеткізбейді, мәслихат бюджет жобасын талқылау және бекіту кезінде жұртшылықтың ұсыныстары туралы ақпаратты жарияламайды, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджеттің ашықтық индексі 49 балды құрайды. Жергілікті атқарушы және өкілді органдар БАҚ-қа қолжетімділік үшін міндетті құжатты – облыстың нақтыланған бекітілген бюджетін (жергілікті бюджет туралы мәслихат сессиясының шешімі) жариялайды, сондай-ақ өткен кезеңдегі бекітілген бюджеттер сақталады. Алайда, жұртшылық мәслихаттың тұрақты комиссияларында жергілікті бюджетті талқылау туралы хабардар етілмейді, олардың отырыстарының хаттамалары жарияланбайды, әкімдік бюджет туралы ақпаратты тарату үшін ең төменгі тетіктерді пайдаланады.

Бюджеттің атқарылу процесі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталған және 52 балл алды, сондай-ақ 2017 жылмен салыстырғанда 11 тармаққа (41 балл) көрсеткіш жақсарды. Атқарушы органдар ай сайын бюджеттің атқарылуы туралы біріктірілген ағымдағы есептерді жариялайды, оларда бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстары бойынша ақпарат жоқ, сондай-ақ бюджеттің жоспарланған және нақты шығыстарын салыстыру жоқ. Әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімді емес.

2019 жылы **«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»** бөлімі бойынша индекс 21 балды құрайды және басқа бөлімдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда ең төмен болып саналады, бұдан басқа, нәтиже 2017 жылмен салыстырғанда 18 тармаққа нашарлады (39), бұл жарияланған бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп бюджеттің негізгі параметрлерінің орындалуы туралы біріктірілген ақпаратты ғана қамтитындығына байланысты, бірақ тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді талдауды көрсетпейтіндігіне, бекітілген және нақты алынған кірістер мен шығыстар арасындағы алшақтық, шығыстардың экономикалық сыныптамасын қамтымайды. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау барысындағы мәслихат депутаттарының іс-әрекеттері туралы ақпаратқа жұртшылық қол жеткізе алмайды, сондай-ақ есепті қаржы жылындағы тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы Жергілікті атқарушы органдардың ақпараты жоқ.

11-кестеде көрсетілгендей, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп ашықтық бойынша ең өзекті құжат, ол бойынша соңғы үш зерттеу ішінде регресс байқалады. Көрсеткіштің елеулі түрде жақсаруы аудиторлық есепте байқалады, бұл тексеру комиссиясының ашықтығының артқанын көрсетеді. Басқа құжаттар бойынша жақсару байқалмайды.

Батыс Қазақстан облысындағы негізгі бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	D	D
Азаматтық бюджет	A	A	A
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	E	D	C
Бекітілген бюджет	B	A	B
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	A	B	C
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	A	E	D
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	A	B	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	E	B	A


ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Қарағанды облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдан **36 балды** құрады, бұл көршілес Шығыс Қазақстан облысының орташа балынан айтарлықтай төмен (63), бірақ Жамбыл облысының көрсеткішінен (14) жоғары, сондай-ақ ел бойынша орташа балдан аса жоғары (33) және зерттелетін 17 аймақтың арасында бюджет ашықтығы бойынша **сегізінші орында**. Қарағанды облысының бағалауы көрсеткендей, жергілікті органдар зерттеу шеңберінде бағаланатын жергілікті биліктің бюджеті мен қаржылық қызметі туралы жұртшылыққа **ең аз** ақпарат береді.

2019 жылы 36 балл алған Қарағанды облысы 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтығы индексімен (30 балл), сондай-ақ 2015 жылғы (27 балл) және 2013 жылғы (32 балл) көрсеткіштермен салыстырғанда көрсеткішті жақсартты.

28-диаграмма.

Қарағанды облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



Қарағанды облысы зерттеудің бірінші және үшінші бөлімдерінің ашықтығын айтарлықтай арттырды, алайда 2017 жылғы зерттеу мәліметтерімен салыстырғанда екінші және төртінші бөлімнің ашықтығын төмендетті.

29-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



2019 жылы **бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің** ашықтығы 31 балға бағаланады және бюджет процесінің осы кезеңінің ең аз ашықтығын көрсетеді, алайда 2017 жылмен салыстырғанда (13) көрсеткіш 13 балға айтарлықтай жақсарды. Көрсеткіштің артуы жергілікті атқарушы органдардың бюджет жобасын және түсіндірме жазбаны жариялауына байланысты, бірақ әлі де «ең аз көлемде». Сондай-ақ зерттеушінің мәліметтері бойынша, әлеуметтік-экономикалық даму болжамының ашықтығы «орташа көлемге» дейін артты. Бұдан басқа, әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және бюджет жобасын бекіту алдында жұртшылықпен талқылау тетіктері жоқ, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды. Әкімдік пен мәслихат өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджеттік шығындарды қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың әртүрлі арналарын жеткіліксіз пайдаланады және әкімдік жергілікті бюджетті дайындау кестесін жұртшылыққа жеткізбейді.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша ашықтық индексі 39 балды құрайды және осы бөлім бойынша 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің төмендеуі байқалады (46). Әкімдік бекітілген облыстық бюджетті «елеулі көлемде» жариялайды, сондай-ақ өткен кезеңдердегі мәслихат шешімдері сақталады. Мәслихаттың тұрақты комиссиялары отырысының хаттамалары, сондай-ақ бюджет жобасын қарау және бекіту кезінде мәслихат депутаттары енгізген түзетулер туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімді емес, жұртшылық мәслихаттың тұрақты комиссияларындағы бюджет жобасын талқылау туралы хабардар етілмейді. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өздерінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының бюджеттерін жарияламайды.

Бюджеттің атқарылу процесі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 67 балл алды және 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткішті айтарлықтай жақсартты (43 балл). Көрсеткіштің артуы зерттеушінің мәліметтері бойынша жарты жылдық есеп жарияланып, бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы ай сайынғы есептер «айтарлықтай көлемде» жарияланып отырғанына байланысты. Әкімдік әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша ақпарат жариялайды. Тексеру комиссиялары бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелерін және тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін жариялайды және жұртшылық тексеру комиссиясының отырыстары туралы хабардар етіледі. Алайда, әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімді емес.

2019 жылы **«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»** бөлімі бойынша индекс 8 балды құрайды және ол көрсеткіш басқа бөлімдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда ең төмені, бұдан басқа, көрсеткіштің 2017 жылмен (18) салыстырғанда 10 тармаққа едәуір төмендеуі байқалады. Бюджеттің атқарылуы туралы өзекті жылдық есепке жұртшылық қол жеткізе алмайды. Бұдан басқа, қорытынды құжатты қарау және бекіту бойынша басқа да ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Алдыңғы кезеңдер үшін жылдық есептер қолжетімді, осыған байланысты бөлім қандай да бір балл алды.

12-кестеден көрініп тұрғандай, азаматтық бюджет, бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп және тексеру комиссиясының есебі «кең көлемде» қолжетімді **бюджеттік құжаттар**.

«Маңызды» көлемде бекітілген облыстық бюджет және бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы ай сайынғы есептер қолжетімді. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп қолжетімді емес, ал бюджет жобасы ең аз көлемде жарияланады. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы ашықтық пен толымдылықтың «орташа көлемінде» ғана қолжетімді.

Қарағанды облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	E	D
Азаматтық бюджет	A	A	A
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	D	D	C
Бекітілген бюджет	B	B	B
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	C	B	B
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	E	E	A
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	C	E	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	B	A	A


ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Қостанай облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдың **49-ын** құрады, бұл көршілес Ақтөбе облысының орташа балынан жоғары (22), бірақ Солтүстік Қазақстан облысының көрсеткішімен бірдей (49), сондай-ақ ел бойынша орташа балдан айтарлықтай жоғары (33) және зерттелетін өңірлер арасында ашықтық бойынша **үшінші орында**. Қостанай облысын бағалау зерттеу шеңберінде жергілікті органдар «орташадан төмен» деңгейде бағаланатын облыстың жергілікті билік органдарының бюджет және қаржылық қызметі туралы ақпаратты жұртшылыққа беретіндігін көрсетеді.

Қостанай облысы әрбір зерттеу кезінде өз көрсеткіштерін тұрақты жақсартатын екі өңірдің бірі: 2013ж. – 31 балл, 2015 ж. – 42 балл және 2017ж. – 44 балл.

30-диаграмма.

Қостанай облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



2017 жылмен салыстырғанда, үшінші бөлім бойынша көрсеткіштің елеулі және күрт жақсаруы байқалады, бірінші және төртінші бөлім бойынша аздаған өсу байқалады, екінші бөлім бойынша көрсеткіш бұрынғы деңгейде қалды.

31-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» индексі бюджет процесінің басқа

кезеңдерімен салыстырғанда ең төмен балл – 21, бұл осы кезеңнің ең төмен және ашықтықтың ең төменгі деңгейін көрсетеді, бұдан басқа, көрсеткіш 2015 жылғы деңгейге (27 балл) жетпеді, бірақ 2017 жылмен салыстырғанда аздаған өсім байқалады (19 балл). Атқарушы билік бюджет жобасын бекіткенге дейін бюджет жобасы мен оның ілеспе құжаттарын жарияламаған, бірақ бұған дейін бюджет жобасы жарияланып келген. Әкімдік пен мәслихат өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджет шығындарын қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың ең аз арналарын пайдаланады. Ашық қолжетімділікте бекітілген бюджет бойынша жасалған Азаматтық бюджет және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жарияланады, ол БАҚ-та жариялануға міндетті құжат.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджет ашықтығы индексі 46 балды құрайды және 2017 жылдың деңгейі сақталды. Тұрақты комиссиялардың бюджетті қарауға байланысты отырыстарының хаттамалары жарияланбайды және хаттамалардың қолжетімді болмауы бюджетті талқылаудың қалай өтетіні, депутаттардың нақты қандай ұсыныстар енгізетіні, депутаттардың қандай қарсылық білдіретіні туралы толық ақпарат алуына мүмкіндік бермейді. Алайда, жұртшылық алдағы мәслихат сессиясында жергілікті бюджетті бекіту туралы хабардар етіледі, Облыстың нақтыланған бекітілген бюджеті жарияланады (жергілікті бюджет туралы мәслихат сессиясының шешімі), сондай-ақ өткен кезеңдерде бекітілген бюджеттер сақталады.

Бюджеттің атқарылу процесі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 67 балл алды, осылайша 2017 жылмен салыстырғанда өз көрсеткішін 17 тармаққа айтарлықтай жақсартты (50 балл). Нәтиженің жақсаруы тексеру комиссиясының айтарлықтай ашықтығымен байланысты, сондай-ақ әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір халқының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша кейбір ақпарат қолжетімді, жергілікті атқарушы органдар бюджеттің атқарылуы туралы ай сайын толық есепті жариялаудың оң тәжірибесін жалғастыруда. Алайда, тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат бұрынғысынша қолжетімді емес, жартыжылдық есепте нақты кірістер мен шығыстарды бекітілген бюджетпен салыстырған толық ақпарат жоқ, сондай-ақ жұртшылықты тарту жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимылы туралы ақпараттың жеткіліксіз, осыған байланысты индекстің шкаласы бойынша бюджетті атқару кезеңінің ашықтығы «орта» деңгейде айқындалады.

Бюджеттің атқарылуы және оны қарау, бекіту процесі туралы жылдық есептің ашықтығы 62 балды құрайды, бұл индекс шкаласы бойынша «орташа» қолжетімді деңгейі ретінде айқындалады. Атқарушы және өкілді билік облыс бюджетінің атқарылуы туралы өзекті жылдық есепті жариялайды, алайда әкімдік жылдық есепті қарау нәтижесін жарияламайды, мәслихат есепті қарау барысындағы өзінің іс-әрекеті туралы ақпаратты өте аз жариялайды, сондай-ақ жұртшылық есепті қаржы жылындағы тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы ақпаратқа қол жеткізе алмайды.

13-кестеден көрініп тұрғандай, атқарушы билік бюджетінің жобасы қолжетімді емес, бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп ең аз көлемде жарияланады. Қостанай облысының азаматтық бюджеті және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы «орташа» көлемде жарияланады, бұл ретте екі құжат та 2017 жылғы көрсеткіштерін төмендетті. Бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер мен тексеру комиссиясының есебі кең көлемде жарияланады, бұл жергілікті мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығын көрсетеді, бірақ олар шешім қабылдағанға дейінгі алдын ала талқылауға әлі дайын емес. Қостанай облысы – зерттелетін 17 өңірдің арасындағы бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті «кең көлемде» жариялаған жалғыз аймақ.

Қостанай облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	D	E	E
Азаматтық бюджет	A	A	C
Азаматтық бюджет (ПСЭР)	D	A	C
Бекітілген бюджет	B	B	B
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	B	A	A
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	A	B	D
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	B	A	A
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	D	B	A


ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Қызылорда облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдан **26 балғы** құрады, бұл көрші Ақтөбе (22) және Түркістан (6) облыстарының орташа балынан жоғары, бірақ ел бойынша орташа балдан төмен (33) және зерттелетін 17 өңірдің арасында ашықтық бойынша **он екінші орында**. Қызылорда облысының бағалауы көрсеткендей, жергілікті органдар жұртшылыққа зерттеу шеңберінде бағаланатын жергілікті биліктің бюджеті мен қаржылық қызметі туралы ақпаратты өте аз береді.

Қызылорда облысы – әрбір зерттеу барысында өз көрсеткіштерін тұрақты жақсартатын екі өңірдің бірі: 2013ж. –16 балл, 2015 ж. – 21 балл және 2017ж. – 25 балл.

32-диаграмма.

Қызылорда облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



Қызылорда облысы зерттеудің бірінші, екінші және үшінші бөлімдерінің ашықтығын айтарлықтай арттырды, алайда 2017 жылғы зерттеу мәліметтерімен салыстырғанда төртінші бөлімнің ашықтығын айтарлықтай төмендетті.

33-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» 2019 жылы 25 балмен бағаланады және 2017 жылмен салыстырғанда (19) көрсеткіш жақсарды. Көрсеткіштің ұлғаюы азаматтық бюджет енді «кең», ал әлеуметтік-экономикалық даму болжамының «орташа» көлемде жариялануына байланысты, алайда атқарушы билік бюджетінің жобасы мен түсіндірме жазбасы қолжетімді емес. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын және бюджет жобасын бекітпей тұрып жұртшылықпен талқылау тетігі жоқ, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды. Әкімдік пен мәслихат өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджет шығындарын қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың арналарын жеткілікті пайдаланбайды.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» зерттеудің екінші бөлімі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық деп бағаланады, орташа балл – 33 құрайды, сондай-ақ осы бөлім бойынша көрсеткіштің 2017 жылмен (24) салыстырғанда айтарлықтай артуы байқалады. Бекітілген облыстық бюджет орташа көлемде жарияланады және барлық қажетті ақпаратты қамтымайды, бірақ өткен кезеңдер үшін бюджеттер қолжетімді. Мәслихаттың тұрақты комиссиялары отырысының хаттамалары өте аз көлемде қолжетімді. Бюджет жобасын қарау және бекіту кезінде мәслихат депутаттары енгізген түзетулер туралы ақпарат қолжетімді емес, жұртшылық мәслихаттың тұрақты комиссияларында бюджет жобасын талқылау туралы хабардар етілмейді. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өздерінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының бюджеттерін жарияламайды.

Бюджетті орындау процесі 29 балға бағаланады, сондай-ақ көрсеткіш 2017 жылмен (20 балл) салыстырғанда артты, бірақ 2013 жылдың ашықтық деңгейіне жетпеді (35 балл). Бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер ең аз көлемде жарияланады және тек жалпы цифрлардан тұрады, жарты жылдық есеп жарияланған жоқ. Әкімдік әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша ақпаратты өте аз жариялайды. Тексеру комиссиясы бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелерін жариялайды, бірақ есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті тексеру комиссиясының, сондай-ақ жұртшылықты тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларды мониторингілеу мен бағалауға ҮЕҰ-ды немесе тәуелсіз сарапшыларды тартуы туралы ақпаратты жарияламайды.

2019 жылы **«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»** бөлімі бойынша индекс 18 балды құрайды және басқа бөлімдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда ең төмен болып отыр, сонымен қатар 2017 жылмен салыстырғанда (36) көрсеткіштің күрт төмендеуі байқалады. Бюджеттің атқарылуы туралы бұрын қолжетімді болып келген жылдық есеп жарияланбайды, бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау барысындағы мәслихат депутаттарының іс-әрекеттері туралы да ақпарат жоқ. Әкімдік жылдық есепті қарау нәтижесін ғана жариялайды, сондай-ақ өткен кезеңдердегі жылдық есептерді сақтаған.

14-кестеден көріп отырғанымыздай, «кең көлемдегі» жалғыз бюджеттік құжат – азаматтық бюджет. Бюджет жобасы, бюджеттің атқарылуы туралы жартыжылдық есеп және тексеру комиссиясының жылдық есебі қолжетімді емес. «Орташа көлемде» бекітілген облыстық бюджет (мәслихат сессиясының жергілікті бюджетті бекіту туралы шешімі) және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы қолжетімді. Бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы ағымдағы есептер өте аз көлемде орналастырылған.

Қызылорда облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	C	E
Азаматтық бюджет	B	C	A
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	D	D	C
Бекітілген бюджет	B	B	C
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	B	C	D
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	E	E	E
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	C	B	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	B	E	E


МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Маңғыстау облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдың **23 балын** құрады, бұл 17 өңір үшін орташа балдан (33) төмен және **он үшінші орында** тұр. Маңғыстау облысы үшін индекс көршілес Атырау облысының орташа балынан төмен (28), бірақ Ақтөбе облысынан елеусіз жоғары (22 балл).

Маңғыстау облысы 2019 жылы 23 балл алып, 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтығы индексімен салыстырғанда (34 балл) көрсеткішті айтарлықтай төмендетті, сондай-ақ 2015 жылғы (27 балл) және 2013 жылғы (28 балл) көрсеткіштермен салыстырғанда да ілгерілеуге қабілетсіз екенін көрсетті.

34-диаграмма.

Маңғыстау облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні




Маңғыстау облысы Республикалық бюджеттің негізгі донорларының бірі, бірақ облыстың бағасы жергілікті органдардың жұртшылыққа зерттеу шеңберінде бағаланатын облыстың жергілікті билігінің бюджеті мен қаржылық қызметі туралы «ең аз» ақпарат беретіндігін көрсетеді.

Бірінші және үшінші бөлім бойынша көрсеткіштердің өсуі байқалады, екінші бөлім бойынша 2017 жылмен салыстырғанда орташа мәндердің екі мәрте төмендеуі байқалады және ең елеулі төмендеудің төртінші бөлімі болып табылады.

35-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтық деңгейі төмен. Орташа балл – 23. 2017 жылы ол 17 балға тең болды, сәйкесінше алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда ілгерілеу байқалады. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы тұрғындарға ұсынылмайды, бекітілген өзекті нұсқа әкімдік сайтынан табылмады және бюджет жобасы жарияланбайды, экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының сайтында тек азаматтық бюджет табылды. Әкімдіктің сайтында халықпен кері байланыс механизмі әзірленді, бірақ оларды пайдалану туралы ақпарат жоқ. Облыстық мәслихат кері байланыс тетіктерін ұсынды, бірақ оны практикалық қолдану туралы ақпаратты аспаған. Жалпы алғанда, бюджетті жоспарлау кезеңінің ашықтығы халық үшін ең төменгі деңгейде екендігі туралы қорытынды жасалды.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі 20 балл жинады және 2017 жылмен салыстырғанда (40) орташа мәндердің екі мәрте төмендеуі байқалады. Әкімдік бюджетті қарау және бекіту үдерісіне халықты тарту бойынша қажетті жұмыстарды орындамаған. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жаңа құрал – ведомстволық бағынысты ұйымдар бюджеттерінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін publicbudget.kz интерактивті картаны пайдаланды. Облыс әкімдігі мен мәслихат бекітілген бюджетті өз сайттарында жарияламайды, тек басқа ресурстарға сілтемелерді орналастырады, тиісінше ең төменгі баға алады. Әкімдік пен мәслихат бюджет туралы ақпаратты тарату үшін ең төменгі тетіктерді пайдаланады.

Бюджетті атқару процесі бюджет процесінің қалған кезеңдерінің арасында ең ашық, бірақ бұл ретте индекс шкаласы бойынша «орташадан төмен» деңгейінде бағаланады. 2019 жылы орташа балл 42 құрады және 2017 жылмен салыстырғанда (35) кемшіліктер болды. Әкімдік бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы есептерді жариялайды, алайда олар толық емес – жоспар мен нақты кірістер мен шығыстар арасындағы айырмашылықтар талданбаған, қанағаттанғысыз нәтижелердің себептерін талдау немесе түсініктеме қамтымаған. Облыстың тексеру комиссиясы ашықтық бойынша жақсы нәтижелер көрсетті, сайтта бақылау жүргізудің жылдық жоспары туралы ақпарат, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелері, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептер жарияланады, дегенмен, жылдық тексеру жоспары тек бір тілде жарияланды, мемлекеттік тілде (қазақ тілінде) жоқ. Әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімді емес.

«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің» ашықтығы бюджет процесінің қалған кезеңдерімен салыстырғанда ең төмен болды, бағалау 5 балды құрады. Бұдан басқа, алдыңғы прогресс кезінде 2017 жылмен (45) салыстырғанда көрсеткіштің 9 есе күрт төмендеуі байқалады. Әкімдік бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жариялады, бірақ ол өте қысқа, қасалық атқарылу түрінде орындалған, қаражаттың игерілмеу себептері көрсетілмеген, жоспарлар мен қол жеткізілген нәтижелер арасындағы айырмашылық, ешқандай түсініктеме көрсетілмеген. Қаржы бақылау органдарының өткен есепті кезеңдегі ескертулері мен ұсыныстары туралы ақпарат жоқ. Мәслихат есепті қарауға тұрғындарды тартпады. Әкімдік те, мәслихат та жылдық есеп нәтижелерін жарияламады және нәтижелерін веб-сайттарда немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияламады. Бұл процеске тұрғындарды тарту бойынша ешқандай жұмыс жүргізілген жоқ.

15-кесте негізгі сегіз бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығын көрсетеді, онда атқарушы билік бюджетінің жобасы, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп еркін қолжетімділікте жоқ екендігі атап өтілді. Бекітілген бюджет және бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп жеткіліксіз көлемде жарияланады. «Орта» деңгейде бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер және азаматтық бюджет ең аз көлемде жарияланады. «Елеулі» көлемде қолжетімді жалғыз құжат – тексеру комиссиясының бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебі.

Маңғыстау облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы (2015-2017 жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	E	C	E
Азаматтық бюджет	D	D	D
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	B	B	E
Бекітілген бюджет	B	B	E
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	D	B	C
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	A	A	E
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	A	B	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	E	E	A


ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Павлодар облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдан **42 балды** құрады, бұл көршілес Шығыс Қазақстан облысының орташа балынан айтарлықтай төмен (63), бірақ Ақмола облысының көрсеткішінен (30) жоғары, сондай-ақ ел бойынша орташа балдан айтарлықтай жоғары (33) және зерттелетін 17 аймақтың арасында ашықтық бойынша **алтыншы орында** тұр, алайда 2017 жылы облыс ашықтық бойынша екінші орында тұр. Павлодар облысының бағалауы көрсеткендей, жергілікті органдар зерттеу шеңберінде бағаланатын облыстың жергілікті билік органдарының бюджет және қаржылық қызметі туралы ақпаратты жұртшылыққа **«орташадан төмен»** деңгейде ұсынады.

2019 жылы 42 балл алып, Павлодар облысы 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтығы индексімен салыстырғанда (62 балл) көрсеткішті қол жеткізілген прогресті бекіту қабілетсіздігін көрсете отырып айтарлықтай төмендетті, бірақ 2015 жылғы (40 балл) және 2013 жылғы (37 балл) көрсеткішті көтерді.

36-диаграмма.


Павлодар облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні



2017 жылмен салыстырғанда бірінші, екінші және төртінші бөлімдер бойынша көрсеткіштердің айтарлықтай және күрт төмендеуі байқалады, алайда үшінші бөлім бойынша аздаған өсім байқалады.

37-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» индексі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең төмен көрсеткіш – 19 балға ие, бұл осы кезеңнің ең төмен және ашықтықтың жеткіліксіз екенін көрсетеді, сонымен қатар 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің елеулі төмендеуі байқалады (42 балл). Көрсеткіштің төмендеуі бюджет жобасы бекітілгенге дейін және оған ілеспе құжаттар жарияланбауына байланысты, бірақ бұрын 2017 жылы бюджет жобасы жарияланған. Азаматтық бюджет және әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, жобалық құжаттар емес, бекітілген түрде ғана орналастырылады. Әкімдік пен мәслихат өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджеттік шығындарды қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың түрлі арналарын пайдаланбайды. Мәслихат бюджет жобасын талқылау және бекіту кезінде жұртшылықтың ескерілген ұсыныстары туралы ақпаратты, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша бюджет ашықтығы индексі 31 балды құрайды, сондай-ақ 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің айтарлықтай 2 еседен аса төмендеуі байқалады.

Көрсеткіштің төмендеуі нақтыланған бекітілген облыстық бюджеттің толықтығы мен ашықтығы қысқаруына байланысты, бірақ өткен кезеңдердегі бекітілген бюджеттер сақталып тұр. Тұрақты комиссиялар отырыстарының бюджетті қарауға қатысты хаттамалары жарияланбайды, жұртшылық мәслихаттың алдағы сессиясында жергілікті бюджеттің бекітілетіні туралы хабардар болмайды, бюджетті нақтылау туралы ең төменгі ақпарат ғана қолжетімді.

Бюджеттің атқарылу процесі бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық болып анықталды және 71 балл алды, сондай-ақ 2017 жылғы көрсеткіш жақсарды (69 балл). Осы кезеңде бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы және жарты жылдық есеп уақтылы жарияланады. Тексеру комиссиясы бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелерін және тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін жариялайды. Әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша ақпарат ең аз көлемде қолжетімді. Әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімді емес.

2019 жылы **«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп»** бөлімі бойынша индекс 46 балды құрады, сондай-ақ 2017 жылмен (73) салыстырғанда көрсеткіштің айтарлықтай төмендеуі байқалды. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің толықтығы мен ашықтығы төмендеді, бірақ өткен кезеңдердегі жылдық есептер сақталады. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау барысындағы мәслихат депутаттарының іс-әрекеті туралы, сондай-ақ есепті қаржы жылындағы тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы ақпарат жоқ.

16-кестеден көрініп тұрғандай, атқарушы билік бюджетінің жобасы қолжетімді емес. Азаматтық бюджет, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және бекітілген облыстық бюджет «орташа көлемде» жарияланады. «Кең көлемде» бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы және жарты жылдық есептер, сондай-ақ тексеру комиссиясының есебі қолжетімді. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп «елеулі көлемде» ғана қолжетімді.

Павлодар облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)

БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	D	B	E
Азаматтық бюджет	B	A	C
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	D	D	C
Бекітілген бюджет	B	A	C
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	D	A	A
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	A	A	A
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	A	A	B
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	A	A	A


Солтүстік Қазақстан облысы

Солтүстік Қазақстан облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100 балдан **49 балды** құрады, бұл көршілес Қостанай облысының көрсеткішімен бірдей (49), бірақ Павлодар облысының орташа балынан төмен (42), сондай-ақ ел бойынша орташа балдан айтарлықтай жоғары (33) және зерттелетін 17 өңір арасында ашықтық бойынша **төртінші орында**. Солтүстік Қазақстан облысын бағалау жергілікті органдар жұртшылықты зерттеу шеңберінде бағаланатын облыстың жергілікті билік органдарының бюджет және қаржылық қызметі туралы «**орташадан төмен**» деңгейде ақпарат беретіндігін көрсетеді.

Солтүстік Қазақстан облысы 2019 жылы 49 балл алып, 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтық индексімен (50 балл) салыстырғанда көрсеткішті төмендетті, 2015 жылғы көрсеткішті (45 балл) жақсартты және ашықтық бойынша тұрақсыздықты көрсете отырып, 2013 жылғы көрсеткішпен (50 балл) салыстырылмаған.

38-диаграмма.


Солтүстік Қазақстан облысы бюджетінің ашықтығы индексінің серпін



2017 жылмен салыстырғанда зерттеудің үшінші және төртінші бөлімдері бойынша көрсеткіштердің айтарлықтай төмендеуі байқалады, бірінші бөлім бойынша көрсеткіштердің жақсаруы байқалады, ал екінші бөлім бойынша елеулі.

39-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



«Бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтығы» зерттеудің бірінші бөлімінде бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең төмен көрсеткіш – 23 балл бар, бұл осы кезеңнің ең төмен және ашықтықтың жеткіліксіз екенін көрсетеді, бірақ 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің жақсаруы байқалады (21 балл). Бюджет жобасы бекітілгенге дейін әлі жарияланбаған, бірақ оған қысқаша түсіндірме жазба жарияланды. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы алдын ала талқылау мүмкіндігінсіз бекітілген нұсқада ғана жарияланады, бірақ Азаматтық бюджет толық қажетті көлемде жарияланады. Әкімдік пен мәслихат өңір халқының қажеттілігіне сәйкес бюджет шығындарын қалыптастыру үшін жұртшылықтың ұсыныстарын жинау бойынша кері байланыстың әр түрлі арналарын пайдаланбайды, әкімдік жергілікті бюджетті дайындау кестесін жарияламайды. Мәслихат бюджет жобасын талқылау және бекіту кезінде жұртшылықтың ескерілген ұсыныстары туралы ақпаратты жарияламайды, ал қоғамдық кеңес бюджет жобасын мәслихат сессиясына дейін қарау туралы ақпаратты жарияламайды.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» бөлімі бойынша индекс 54 балды құрайды, ал 2017 жылмен салыстырғанда (36 балл) көрсеткіштің айтарлықтай жақсарғаны байқалады. Бекітілген бюджеттер, сондай-ақ «елеулі көлемде» жарияланады, өткен кезеңдегі бюджеттер сақталады. Жұртшылық тұрақты комиссияларда жергілікті бюджетті талқылау және алдағы мәслихат сессиясында бюджетті бекіту туралы өте аз көлемде хабардар етіледі. Бюджет жобасын қарау және бекіту кезінде мәслихат депутаттары енгізген түзетулер туралы ақпарат қолжетімді емес.

Бюджетті атқару процесі 56 балмен бағаланады, бұл ретте 2017 жылмен салыстырғанда (70) көрсеткіштің айтарлықтай төмендеуі байқалады. Көрсеткіштің төмендеуі 2018 жылғы ағымдағы ай сайынғы есептердің толықтығы мен ашықтығы өткен жылдардағыдай «маңызды» емес, «орташа көлемде» анықталуына байланысты, атқарушы органдардың пікірінше, ай сайынғы есептер бір файлда жарияланады және барлық деректер қамтылмайды, ал облыс әкімдігінің сайтында бюджетті атқару туралы тоқсандық және жарты жылдық есеп қана жарияланды. Тексеру комиссиясы бақылау жүргізу туралы жылдық жоспарды, бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелерін және тексеру комиссиясының есепті кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есебін жариялайды. Әкімнің есеп беру кездесулерінде айтылған өңір тұрғындарының ұсыныстары мен ескертулерін іске асыру бойынша ақпарат қолжетімді. Әкімдіктің (немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің) тексеру комиссияларының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы есебі немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат жұртшылыққа қолжетімді емес.

«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп» бөлімі жалпы үрдіске қарамастан, 2019 жылы бюджет процесінің басқа кезеңдерімен салыстырғанда ең ашық ретінде айқындалған және орташа баға 62 балды құрайды, бірақ 2017 жылмен салыстырғанда көрсеткіштің айтарлықтай төмендеуі байқалады (76). Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің толықтығы мен ашықтығы төмендеді, бірақ өткен жылдардағы жылдық есептер сақталып отыр. Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қарау барысындағы мәслихат депутаттарының іс-әрекеттері туралы, сондай-ақ есепті қаржы жылындағы тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдарына сәйкес қабылданған шаралар туралы ақпарат жарияланады. Алайда, жұртшылық мәслихаттың тұрақты комиссияларында бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті талқылағаны туралы хабардар етілмейді және қоғамдық тыңдаулар өткізілмейді.

17-кестеден көрініп тұрғандай, атқарушы билік бюджетінің жобасы қолжетімді емес. Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер «орташа көлемде» жарияланады. «Кең көлемде» азаматтық бюджет пен тексеру комиссиясының есебі қолжетімді. «Елеулі көлемде» бекітілген облыстық бюджет, бюджеттің атқарылуы туралы жартыжылдық және жылдық есептер жарияланады.

Солтүстік Қазақстан облысындағы негізгі Бюджеттік құжаттардың толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)


БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	C	E	E
Азаматтық бюджет	A	A	A
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	B	D	C
Бекітілген бюджет	B	B	B
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	A	A	C
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	A	A	B
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	B	A	B
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	B	A	A

Түркістан облысы²

Түркістан облысы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші мүмкін 100-ден **6 балды** құрады, бұл зерттелген 17 өңір үшін орташа балдан (33) әлдеқайда аз және бюджеттің ашықтығы бойынша **соңғы орында** тұр. 2019 жылы 6 балл алып, Түркістан облысы 2017 жылғы жергілікті бюджеттің ашықтығы индексімен (34 балл), 2015 жылғы (43 балл) және 2013 жылғы (33 балл) көрсеткіштермен салыстырғанда көрсеткішті айтарлықтай төмендетті.

40-диаграмма.


Түркістан облысы (бұрынғы ОҚО) бюджетінің ашықтық индексінің серпіні



Түркістан облысын бағалау көрсеткендей, жергілікті органдар жұртшылықтың зерттеу шеңберінде бағаланатын облыстың жергілікті билігінің бюджет және қаржылық қызметі туралы ақпаратты Индекс шкаласы бойынша «жеткіліксіз немесе жоқ» деңгейінде ұсынады. Сондықтан азаматтар үшін есеп беретін үкіметтің болуы және облыстың ақша қаражатын қалай басқаратынын қадағалау қиын.

41-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



2019 жылға арналған **бюджет жобасын жоспарлау және әзірлеу процесінің ашықтық** индексі 0 балды құрайды, бұл бюджеттік жоспарлау процесі толығымен халық үшін жабылғанын білдіреді. Әкімдік бюджет жобасын, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, азаматтық бюджетті жарияламайды, жергілікті атқарушы және өкілетті органдар жұртшылықты бюджетті қалыптастыруға жұмылдырмайды.

² 2018 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып өзгертілді, әкімшілік облыс орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына ауыстырылды және сәйкесінше өткен кезеңдерге салыстырмалы талдау кезінде (2013-2017 жж.) Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша деректер пайдаланылды.

«Бюджетті қарау және бекіту процесінің ашықтығы» екінші бөлімінің нәтижесі – нөл. Әкімдік бюджетті қарау және бекіту процесіне халықты тарту бойынша тиісті жұмыстар жүргізбейді, халық бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да арналар арқылы хабарланбайды, мәслихат халықты бюджетті қарау және бекіту жөніндегі отырыстар туралы хабардар етпейді. Тіпті заң бойынша міндетті – бекітілген нақтыланған облыстық бюджет (жергілікті бюджет туралы мәслихат сессиясының шешімі) жарияланбайды.

Ашықтықты көрсететін жалғыз кезең – *бюджетті атқару процесі*, оның орташа балы 23-ті құрады, бірақ бұл көрсеткіш 2017 жылдың 20 нәтижесінен төмен (43 балл). Әкімдік бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы ай сайынғы есептерді жариялайды, бұл фискалдық қаржы органдарының ашықтығы мен жауапкершілігін білдіреді, алайда есептер толық емес және барлық қажетті ақпаратты көрсетпейді. Тексеру комиссиясы бақылау (аудиторлық) іс-шараларының нәтижелерін және Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жариялайды, алайда бұл мәліметтер де толық емес. Сондай-ақ, жұртшылық үшін тексеру комиссияларының ұсыныстарына сәйкес әкімдік қабылдаған шаралар туралы ақпарат немесе бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы ақпарат қолжетімді емес.

«Бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің» ашықтығы нөлдік көрсеткішпен анықталған. Әкімдік сайтта бюджеттің орындалуы туралы жылдық есепті жарияламайды. Халықты жылдық есепті қабылдау, талқылау және қарау туралы хабардар ету бойынша жұмыс жүргізілмейді, бұл жұмысты жергілікті мәслихат да орындамаған.

18-кестенің түстік индикациясынан көрініп тұрғандай, негізгі бюджеттік құжаттардың арасында бюджет жобасы, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, азаматтық бюджет, бекітілген нақтыланған бюджет және бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп қолжетімді емес. Ең аз көлемде жарты жылдық есеп, ал бюджеттің атқарылуы туралы «орта» ағымдағы есептер жарияланады. Бюджеттің атқарылуы туралы тексеру комиссиясының жылдық есебі елеулі көлемде қолжетімді жалғыз құжат болып отыр.

18-кесте.

Түркістан облысының негізгі бюджеттік құжаттарының толықтығы мен ашықтығы

(2015-2017 жж.)


БЮДЖЕТТІК ҚҰЖАТ	2015 Ж.	2017 Ж.	2019 Ж.
Атқарушы билік бюджетінің жобасы	B	E	E
Азаматтық бюджет	B	C	E
Бюджетке дейінгі өтініш (ПСЭР)	D	A	E
Бекітілген бюджет	B	B	E
Жыл ішіндегі есептер (бюджеттің атқарылуы туралы ағымдағы есептер)	B	A	C
Жарты жылдық есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жарты жылдық есеп)	A	E	D
Жыл соңындағы есеп (бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есеп)	C	C	E
Аудиторлық есеп (тексеру комиссиясының есебі)	A	C	B

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы үшін жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің көрсеткіші 100 мүмкін балдан **51 балды** құрады, бұл ел бойынша орташа балдан айтарлықтай жоғары (33) және барлық зерттелетін өңірлер арасында ашықтығы жағынан **екінші орында**. 2019 жылы 51 балл алып, Астана 2017 жылғы³ (32 балл), 2015 жылғы (27 балл) және 2013 жылғы (37 балл) жергілікті бюджеттің ашықтық индексімен салыстырғанда көрсеткішті айтарлықтай жақсартты.

42-диаграмма.

Нұр-Сұлтан қала бюджетінің ашықтығы индексінің серпіні




Айқындық пен есеп берудегі айтарлықтай ілгерілеуге қарамастан, Нұр-Сұлтан қаласының бағасы жергілікті органдардың зерттеу аясында бағаланған қаланың жергілікті билік органдарының бюджет және қаржылық қызметі туралы **«орташадан төмен»** деңгейде ақпарат беретінін көрсетеді.

Зерттеудің бірінші екі бөлімі бойынша көрсеткіштер 43-диаграммадан көрініп тұрғандай, 2017 жылмен салыстырғанда 25 балға, ал үшінші бөлім бойынша 26-ға, сәл аз прогресс 3 балға жақсарды.

43-диаграмма.

Бөлімдер бойынша орташа мәндердің өзгеру динамикасы (2013-2019 жж.)



